


Абзал БӨКЕН

УЫТ



Абзал БӨКЕН

УЫТ

(Рубайлар)



**Қарағанды
2018**

УДК 821.512.122
ББК 84 Каз-5
Б 78

Б 78 Абзал Бөкен. Уыт. Рубайлар. – Қарағанды:
“Типография Арко” ЖШС, 2018 ж. - 130 б.

ISBN 978-601-204-434-8

Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Абзал Бөкен соңғы кезде шығыс поэзиясының көне жанры – рубайлар жазумен түбегейлі айналысты. Нәтижесінде – адам мен қоғам, фәни мен жалған арасындағы қарым-қатынастың небір тылсым тұстарын нәзік нақыштауға негізделген қолыңыздағы жинақ дүниеге келді. Өзі өмір сүріп отырған Уақыттың боямасыз бейнесін шағын жанрда шымыр жеткізуді көздеген шайыр шығармасы оқырман көңілінен орын табар деген ойдамыз.

УДК 821.512.122
ББК 84 Каз-5

ISBN 978-601-204-434-8

© Бөкен А., 2018



АВТОРДАН

Арада жатқан он ғасырға жуық уақытты көктей өтіп, жан-дүниенің үздіге тербеп, уілдей үн қататын бір сарын бар. Ол – сонау көне парсы елінің ұлы шайыры Омар Һәйямнан жеткен рубайлар сарыны. Ірі философ, үлкен математик Омарды қатардағы қауым ғалымдығынан гөрі шайырлығымен тануды әдетке айналдырғаны қашан?! Төрткіл дүниені төрт-ақ тармақтан тұратын шумақтарымен шырмап тастаған оны ала қағаз ақтарған ойшыңыз былай тұрсын, ақтылы қой өргізген қойшыңыз да білетініне шүбәңіз болмасын.

Рубайды «Қазақ сөздігі»: «Рубай – көбіне философиялық болып келетін төрттармақты лирикалық өлең», – деп түсіндіріпті. Әрине, бұл анықтаманың «көбіне» деген сөзінен басқасының бәрі дұрыс. Басты белгісі «философиялық» пен «лирикалық» болғандықтан, біз де өз төрттағанымызда осы жағын ақсатып алмауға тырыстық. Әйтсе де, рубай қазақ әдебиетінде түбегейлі орныққан жанр дей алмас едік. Тиіп-қашты тәжірибелер болғаны рас. Бірақ солардың көбісі ойдың әлсіздігі мен сезімнің нәрсіздігінен зардап шекті. Рубайдағы ой мен образ төске түскен балғадай нық, мың градустық пештен шыққан құймадай жұмыр болса керек-ті. Омар Һәйямның өзі де семсерін сертке білеген Махамбеттей кесіп айтар «кескекті ердің сойынан» еді ғой. Һәйямның он ғасыр бұрын айтқан батыл ойларын демократияға малшынып, сөз бостандығына жеттік,



– деген бүгіннің өзінде айтсақ айттық, айтпасақ айтпас едік.

Сұлуды қанша сүйсем көпсінбеймін,
Шараптан өмір шалқып өтсін, – деймін.
Күнәнді Құдай кешер, – дейді маған,
Кешпесін, керегі жоқ, кештірмеймін, –
дейді шайыр. Инквизиция заманында католик шіркеуі мұндай еркін ой үшін басыңнан сипамаған. Тірідей отқа жаққан. Әрине, католиктен қонысы бөлек болғанымен, һәйям өмір кешкен қоғам да қадағалаудан кенде болмаған ғой. Осыған қарап Омарды ойдың ақыны, бойдың батыры, – десек те жарасар.

Сонымен, рубай дегеніміз – қарапайым тілімен айтқанда, замана шындығын қаңтарда жарған бурадай буырқанған оймен толғаған өзіміздің төрт жолдық қара өлең екен. Өлең болғанда – арпа ішінде бір бидайы, тау шағылдың бір мысқал алтыны, топ торының жалғыз жүрген аласы, көп бөрінің жалқы жортқан сырттаны сипатты. Басқа басқа, дәл осындай болу – қиынның қиыны. Ендеше, өлеңнің үлкенді-кішілі тұрлерін тулақша сүйреп, тұяқкешті еткен қайсыбір қаламдастарымыздың жырдың осы бір алтын қасықтай аяулы түрін көкпарға салмай, іркіле тұрғаны дұрыс та болған. Өйткені, «жартасқа біткен жантақты жанынан кешкен нар жейді». Осы тұрғыдан алғанда, біздікі де құр талап емес пе екен?! Дегенмен, тәуекел етіп, тас жұттық. Қай жерден шыққанымызды бір Құдай мен оқырман ғана анықтамақ. Мархабат. Ұлы шайырдың аруғына сыйынып, ақ қағазға салған аз-кем өрнегімізді қабыл алыңыз.

РУБАЙЛАР



*Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл.*

Абай



1

Мен деген өкпе емеспін, базынамын,
Қыс емес, жадыраған жаз ұраным.
Жебірдің кемдігінен келген дерттен
Көңілдің кеңдігімен жазыламын.

2

Болса да қандай соры, қандай бағы,
Жігіттің өз тағдыры – балқаймағы.
Орхонның жазбаларын оқу оңай,
Жазуды оқығаннан маңдайдағы.

3

Дүние ию-қию жарысы көп,
Наушасын көрсетеді нар ісі, –
Сәриден сән іздеуге болар.
Бірақ
бәрінен мән іздеудің мәнісі жоқ.

4

Қонатын қос таппаған қос көбелек
Қалайша бере алады көшке көмек?!
Диоген бақытты екен бөшкесі бар,
Паналар көп қазақта бөшке де жоқ.



5

Тірліктің мұрша бермей тойы, қалқа,
Алмадым ұлылықты бойыма арта.
Омарда орта ғасыр – ойы толық,
Ал, менде толық ғасыр – ойым орта.

6

Өтуде басымыздан бұлаң заман,
Күндері ұшып-қонып шұнаңдаған.
Төрт жағын түгендеймін, – деп жүргенде,
Тұттай ғып кететінін кім аңдаған?!

7

Ғұмырдың тәубә дерлік жасы келді,
Домалап ала бермес тасым өрді.
Ақылым өмір бойы аяқта боп,
Ажалым жетер шақта басыма енді.

8

Бақытқа балқығанда бар айналам,
Мен бір жан жоқты күтіп қарайлаған.
Болғанда қайғы – қайрақ, қажыр – пышақ,
Сол пышақ жұқарғалы талай заман.



9

Шақпақ ем, шашыранды жүйеге ендім,
Аппақ ем, амалсыздан күйелендім.
Хал сұрап қашан келер Зұлһарнайым,
Мен де бір бөшкедегі Диогенмін.

10

Байтағым, барлығыңа сүйінемін,
Бас қосқан бауырыңда дүйім елің.
Зар болдым бетін таппай зерлі әлемнің,
Дал болдым шетін таппай дүниенің.

11

Келе алмай аласұрған аусарға әлім,
Қайғыдан қара дария қаусар жаным.
Малшындым мұхит асып молаям, – деп,
Жаншылдым көтерем деп тау салмағын.

12

Мен бір жан заманды ойлап зар илеген,
Қаңқамды қоздай болып қариды өлең.
Аға, сен Ататүрік бола алмадың,
Хикмет бола алмадым, әрине, мен.



13

Үңілдім үйдей пәле көріп алдан,
Түңілдім мансабы мен мөрі бардан.
Қалайша елім, – деймін,
Ел еріксіз,
Қалайша жерім, – деймін,
Бөліп алған...

14

Жардай ем, жел суырып қоқым болдым,
Нардай ем, шөге-шөге шөкім болдым.
Қардай ем, қара күйе секілдендім,
Бардай ем, жоқ болуға кепіл бердім.

15

Алтынды аулақ тығып қойған да – өзің,
Салтымды сансыратып жойған да – өзің.
Қалайша ескермейсің Ескендірдің
Бір уыс топыраққа тойған көзін.

16

Табаның тайып кетер тастақ өрде
Тұсыңнан табылмайтын қасқаға ерме.
Әмірім, мешкейлерден мырза жасап,
Төңірім, қаскөйлерден патша берме.



17

Бақидан келіп жетсе берген белгі,
Желкелеп алып кетер желгендерді.
Екен ғой жылаулы өмір – ол да өмір,
Сенбесең жылатып көр өлгендерді.

18

Өкімі болса-дағы өткір нендей,
Өмірдің дегеніне кеттім көнбей;
Дегенде, – бейнетке шық, – барғым келмей,
Дегенде, – зейнетке шық, – кеткім келмей.

19

Қызыл гүл думанымның дүкені, – деп,
Қызығып күннен-күнге бітем үдеп.
Жұтқанда жұпары бал раушанның
Тұтқанда тіліп түсер тікені көп.

20

Еңкею – еншім емес қалап алған,
Еңіске кирелеңдеп барады арбам.
Өткенді ескі – деме, бұл да ескіред,
Басында барлығы да жаңа болған.



21

Болмайын демесеңіз ілкі надан,
Бермеңіз сынын көрмей сыртына мән.
Сары алтын түрткен сайын сырын бүгіп,
Жез құман сүрткен сайын жылтыраған.

22

Ел құсап мен де өлемін – өкінішті,
Белгі сап көрге енемін – өкінішті.
Аллаңыз құп алмады арызымды,
Ажалың ұға алмады өтінішті.

23

Қайтесің қайдағыны санама артып,
Жұмақтан жұпар жұтқан далам артық.
Үр қыздан қатын артық қамыт аяқ,
Зәмзәмнан бір жұтатын шарап артық.

24

Маздатып мақшар таңнан мың аңызды,
Молдалар жақсы айтады уағызды.
Онда да бейімдейтін жер бар шығар,
Тозаққа бірден салмай мына бізді.



25

Сүйдім мен атырабын ұлы Отанның,
Сүйдім мен жапырағын құба талдың.
Бұ жақты сүйе-сүйе,
Ана жаққа
көңілі суып қалған күнәһармын.

26

Түйіссең тағдыр атты тақсырменен,
Сүлгідей суы кепкен апсыр денең;
Астыңа төсенетін кілемінді
Жетсе сөз үстіңізге жапсын, – деген.

27

Қамыттың қатты екенің мойын білер,
Қатынның тәтті екенін қойын білер.
Әуелден «баяғының бәрі жақсы»,
Мұны да жақсы етеді кейінгілер.

28

Салтымен сарқылмайтын кең даланың,
Салдық пен серілікке тең қарадым.
Ішкен ғой жаза жүрің Жұмекендер,
Жазатын іше жүріп мен ғанамын.



29

Айналам, о, табиғат, айтыс болып,
Нәрсені сен жаратқан қайта істедік.
Шыр етіп туған сайын бір жаңалық,
Кетеді бір ескілік қайтыс болып.

30

Көргенім көз ашқаннан – күнә-күнә,
Тергенім сөз асқаннан – күнә-күнә.
Барамын сауап таппай сабырлы іске,
Барамын жауап таппай сұрағыма.

31

Туғанмен періште боп Хауа анадан,
Талтүсте тура жолдан ауады адам.
Қарайсам қандай істен,
Ағармақ боп
Сол іспен амалсыздан дауаланам.

32

Буына дүниенің арбалғанда,
Адам аз айыпты боп барған дарға.
Жаратқан, кең болғаның қандай жақсы,
Болар ед тіпті жақсы тар болғанда.



33

Күн жетіп қалататын тастан кемер,
Құшағын қойны суық ашқанда көр –
Тозақты тозақ күткен жанға бермей,
О, Тәңір, сол тозақтан қашқанға бер.

34

Қалжа боп көңіліңе толар қай аң,
Таң ата сайрап жатқан сонарға аян.
Пайғамбар болмаған соң Омар сынды,
Болуға талап қылдым Омар һәйям.

35

Сайрасам сөзім шекер, сезім шырын,
Сүзіліп сұлулыққа, көзім, сүрін.
Іздесем баудың гүлін өзім – Омар,
Тіздесем даудың түбін өзім – Сырым.

36

Мәнісін келтірсін деп мауызына,
Сөзімді Алла салған ауызыма.
Сыймас ой төрт мың жолға,
Сәті түссе
Төрт жолдың сыйып кетер қауызына.



37

Ажалдың ауыр лебі әкелсе үрей,
Қол үшін бере алмайды әкең сүлей.
Тән өлсе жаның оны тастап шығар,
Басқа бір үй іздеген пәтершідей.

38

Жанымды ұстап тұрған тәнім, – деймін,
Тәнімді ұстап тұрған қаным, – деймін.
Қанымды ұстап тұрған немене екен,
Нанымды жауап таппай зар илеймін.

39

Біз де бір жарық күннің көбелегі,
Көбелек аз-ақ күнге бөгеледі.
Өледі – өлер болса неге туып,
Туады – туар болса неге өледі?!

40

Жаралған Алла менен ақ анадан,
Кеудемді көгершін-жан паналаған.
Өлгенше тәнім оған адал болды,
Жан бірақ бола алды ма адал оған?!



41

Бойыңды бүрлеп бейне тұрған ағаш,
Басқаша өзгертем, – деп ырғама оғаш.
Тән өлсе жан қалады жамылғысыз,
Адамдай киімі жоқ тыржалаңаш.

42

Қызыққа, қыздырмаға құмар адам,
Іс қылар кейде жұртқа ұнамаған.
Кешкенмен Аллаң бәрің,
Бұл жалғанда
Кешлейтін өзіңе-өзің күнә жаман.

43

Осынау өмір атты өр сеңгірде,
Еңкейіп бара жатыр еңсем мүлде.
Түртініп түнектен нұр терсем, күлме,
Айтпақшы күн бе, алде, мен сөндім бе?!

44

Жантаққа құмар болдым шалғын көріп,
Мансапқа құмар болдым малғұнға еріп.
Айналаң үлес қуып үдергенде,
Сенің де кетеді екен алғың келіп.



45

Ақбозым арқанда тұр айша балқып,
Астыма төсегенім – майса барқыт.
Құндыздан қомша тоным қайырлырақ,
Жұлдыздан қолымдағы майшам артық.

46

Саудтың арабтары – сән елінде,
Қазағың жан сақтаудың әлегінде.
Мәселе мұнайда емес, Құдайда емес,
Мәселе – мұнайлы елдің королында.

47

Шартарап шатпағына күлсін, мейлі,
Шам көріп шатырында күрсінбейді.
Өлең, – деп сүйретіп жүр өлексесін,
Онысын өлгеннен соң кім сүйрейді.

48

Шілдесі шыжғырса да төніп көктен,
Шағылда шешек атты өніп көктем.
Алласы адал құлы – арабының
Нәсібін құм астына көміп кеткен.



49

Күндері керметтей ай жоғалттық,
Жылдарды елең етпей жай жоғалттық.
Тәубәлап құрастырған ғұмырыңды
Қауғалап қайта төккен қай жомарттық?!

50

Асатқан ту биеден тістеменді,
Ас та төк ауқатымен үстел өңді.
Ішкенді ауру, – дейді бұл шарапты,
Сау, – деуге кепіл бар ма ішпегенді?

51

Түнекке кетсе тірлік тез ұласып,
Бақидың бойыңызға бөзі нәсіп.
«Сөнген» күн менімен бір
Мен кеткен соң
қалайша алады екен көзін ашып?!

52

Секілді пұшпақ бөрік киіп алар,
Сөздің де жазған сайын иі қанар.
Бұлақты ой бұрқаған табармын-ау,
Құлақты қайдан табам құйып алар?!



53

Ақынға қызыл тілдің майын құрап,
Айшықты өлең жазу – сайын мұрат.
Бас кетсе, баспен бірге байлам кетер,
Қағазға түскен ойың қайырлырақ.

54

Айырмам, аз да болса, басқалардан –
Артық боп көрген емес ақшам ардан.
Өзгеге патша болған мыңды көрдік,
Өзіне кімді көрдің патша болған?!

55

Билікке келген жандар төтеменен,
Баққа да, байлыққа да етеді елең.
Алтынды жетелесе есі бар хан,
Алтыны ессіз ханды жетелеген.

56

Жапанда өскен гүл мен баялыштың
Жанынан көбелек боп таяп ұштым.
Бейнесі секілденді ол құба түзде
Жабыққан жалғыздық пен аяныштың.



57

Қағазда – қаз-үйрегі ғажап ұшқан,
Қағазда – өзі барыс, өзі арыстан.
Емес бұл Қазақстан...
Бұл дегенің –
өндіретін қағазы жоқ Қағазстан.

58

Есер де ене берсе есігінен,
Жұмақтың несі жұпар, несі кілем?
Күнәні кешпеуінен қорықпаймын,
Қорқамын оп-оңай-ақ кешуінен.

59

Белді алар, біраздан соң беткейді алар,
Керістің керегі не кекке айналар?!
Қастыққа жеткен уақыт –
Қаза жетсе,
Достыққа қайта жалғар жетпей қалар.

60

Көшінде тіршіліктің бөгеті мың,
Мәңгілік жүрмедім, – деп сөгетін кім.
Кетпеді ойлар болсаң, неге келдің,
Өлмеді ойлар болсаң, неге тудың?



61

Тірліктің тартар кезде көшін ана,
Кеңдікке кім сүйенсе, осы – дана.
Қасына әділдігі тапшы жанның
Мол болмас әділдігі досына да.

62

Асқардың әр жағында көгал екен,
Тастардың әр жағында тоған екен.
Асқанның әр жағында бір тосқан бар,
Аспанның әр жағында не бар екен?!

63

Даланы дала деме аң қалмаған,
Қаланы қала деме қан қармаған.
Бөкенін миллиондап қырған елдің
Абзалы мыңдап өлсе, таң қалма, Адам.

64

Сөзің-ай жоқты бар, – деп бұрмалаған,
Көзің-ай сынап құсап сырғанаған.
Көт емес, көз қозғалғыш келеді екен,
Пенде боп қалған кезде пұлға қаған.



65

Миымды мың-миллион сұрақ қажап,
Кім шекті мен секілді тұрақты азап.
Байыса барша араб мұнайымен,
Байыды мына бізде бір-ақ қазақ.

66

«Ұрының көті қуыс» қылп етеді,
Тоқтамай жұтқан майы жылп етеді.
Етектен тырп еткізбей ұстай алар
Қайда әлгі әділ заңның «түрп етегі»?

67

Бозым ем бозбастыққа жедел өстім,
Болмады, – өмір өтер, – деген ешкім.
Құдай-ау, мен емеспін мына қария,
Құдай-ау, мына бір шал мен емеспін.

68

Кеткенде бойыңдағы берен сынып,
Тартады табан асты денең сұлық.
Тірлікте сенен ыстық не бар, дүние,
Өлгенде не бар, дүние, сенен суық?!



69

Аққа жақ, ал, біреулер қараға жақ,
Қара мен ақ қосылса – алабажақ.
Дүние қайдан оңсын, шала қожа,
Дүние қайдан оңсын, шала қазақ?!

70

Даттай бер дарыныма шүбәланып,
Қаттай бер қарымыма күмән алып.
Алайда, мен жайыңда айтқаныңнан
Сен жайлы пікір түйер мына халық.

71

Тынысы дүниенің терең екен,
Тереңге мендік құлақ керең екен.
Зауқым жоқ жұмаққа да.
Тек, қана сол,
Хор қызы, – десе ғана елең етем.

72

Жүргендер о дүниеде ақ тағынып,
Ашылса арадағы қақпа-құлып;
Қытайдан ақтарылған қазақтардай,
Кетер ед бері қарай ақтарылып.



73

Бетіме бар мінімді басып бағар,
Мақшарға мәулетім жоқ машықтанар.
Жалғаннан ыстық не бар?
Қимай оны,
жанарың өлгенде де ашық қалар.

74

Хан болу қызық па екен ханнан сұра,
Шам болу түзік пе екен шамнан сұра.
Бай болу бақыт па екен?
Бәрін тастап,
бақиға бетін бұрған жаннан сұра.

75

Жөн көрер қаскүнем де өзінікін,
Жөн көрер маскүнем де өзінікін.
Өзіне өзі дұрыс.
Заңның өзін
жаңғыртар болмаған соң сөзі бүтін.

76

Кім екен жұмағыңды ойлап тапқан,
Кім екен пырағыңды ойнақтатқан.
Кім екен, кешегі ол күнәһар ма,
«Кешу ап» үр қызымен ойнап жатқан?!



77

О, Тәңір, сабыры мол сауырлы ерге
Құлқынның құтайтпайтын дауын берме.
Сүйекке сатылды, – деп сөкпе итті,
Сатылып жүр ғой одан тәуірлер де.

78

Көрдім мен пақырыңнан паң болғанды,
Көрдім мен тақырыңнан талды орманды.
Көрдім мен ел қамына қарау емес,
Сол елді талау үшін хан болғанды.

79

Асқарлап қала салдың – әурешілік,
Аспандап, аласардың – әурешілік.
Шөгесің шоң болсаң да өлгеннен соң,
Төбесің өтсең-дағы тау көшіріп.

80

Дамытып астананы бар тұста да,
Жаныққан жиырма жыл – жарты іс қана.
Осынша уақытта ер Қонаев,
Салған-тын Сарыарқада алпыс қала.



81

Ақиқат болғанымен ер тірегі,
Аңдамай айтып қалса дерт іледі.
Құтқарып өтірігі кейде адамды,
Шындығы шырғалаң боп өлтіреді.

82

Өмірдің көре тұра күйкілерін,
Қамданбай қалғи берген ұйқың – өлім.
Мен де бір Левитаның.
Жалаңдап тұр
тілімді кесsem, – дейтін Гитлерім.

83

Өкшесін үр жаңаның қажап ескің,
Өкпесін өшіретін аз емес күн.
Сен қалай тазамын, – деп айта аласың,
Сен түгіл, менің өзім таза емеспін.

84

Қап алтын қазғандай-ақ Қап тауынан,
Кеудесін қағудай-ақ қақты-ау ұлан.
Өзгенің мақтауынан өлсе біреу,
«Өлді» бұл өзін-өзі мақтауынан.



85

Ұшырған бір құдірет төбедегі,
Өмірдің біз де бейқам көбелегі.
Адамды артық, – дейді.
Артық болса
«кемдермен» бірдей болып неге өледі?!

86

Заманның запыраны бораса үдеп,
Кетеді сәнді сарай қорасы боп.
Сұмдық қой, Сәкенімнің жоқ қабірі,
Сұмдық қой, Мағжанның моласы жоқ.

87

Ажалың иманыңды үйірсе егер,
Алдында алтын сарай миың сөнер.
Кірерің өлгеннен соң бір-ақ «бөлме»,
Бір бөлме...
Оның өзі бұйырса егер.

88

О, пендем, тағар болсам үлгіңе сын,
Күнәңді көлегейлеп құр күлесің.
Жылап кеп, жылап кету арасында,
Біреуді жылатып та үлгіресің.



89

Есейтіп елі үшін ететін іс,
Ер Сәкен жүре алмады жеке, тыныш.
«Қызыл ат», қызыл ақын бола тұра,
Қызылдан құрбан болды, осы – өкініш.

90

Өмірден өз орынын таба алмаған –
Өзгеге жауып оны амалдаған.
Дегенше заман жаман,
Демейсің бе, –
Заманын жаман еткен адам жаман.

91

Қауымның қанағатқа қолды жайған
демеңіз, – қазынасы келді қайдан.
Қазақ пен арабыңның айырмасы –
Сұраймыз біз мұнайдан,
Ол Құдайдан.

92

Иектеп әуейілік өз даланы,
Қанекей, қазағыңның азбағаны?!
Біреуі медаль жасап,
Ал, біреуі
сатып ап сол медальді мәз болады.



93

Жүргем жоқ қазынамды бүркеп ырғын,
Қамдауға қара басты үркек ұлмын.
Жүрегім жырым-жырым.
Жырақ шеттен
Тасындай талып жеткен Күлтегіннің.

94

Шын жомарт шібіш емес, сірә, құлжа,
Құлжаның құж қимылы жүр аңызда.
Ғаріпке жасырын кеп үй сыйлады ол,
«Қи» сыйлап қиқу салса мына мырза.

95

Екенін «алған жомарт» айғақтаған,
Атымтай адам емес жай мақтаған.
Һас мырза жақсылығын бүркей түссе,
Пәс мырза жарнамалап жайдақтаған.

96

Көтеріп бергендей-ақ Қап тауымды,
Біреулер мадақ күтіп қатты ауырды.
Мен бірақ жылбысқыға қия алмадым,
Қазысы табан шығар мақтауымды.



97

Қырық бес миллиардын бір асқар жан
қауыммен бөліскені расталған.
Болсаң бол.
Бола алмасаң неге керек,
Жем сеуіп төрт-бес түйір тыраштанған?!

98

Үзіліп төсайылы ауған ердей,
Басыңды жүрген дұрыс дауға бермей.
Жомарттық сатулы емес.
Сатылса ол,
Сақайтар сақи емес, саудагер ғой.

99

Бола алмай мөрі биік мәрттің бірі,
Шатаның ашылуда артқы үңгірі.
Қожаның болғандығы қандай жақсы,
Әйтпесе, не болар ед сарттың күні?!

100

Мал біткен дүниенің наданынан
Мың артық аш та болса адал ұлан.
Шық дәмет Шығайбайдан.
Дәметкенше,
«Мә саған, мә мағанның» адамынан.



101

Кешегі келісімнен кейінде айнып,
Кеміген кісілігін дейін қай құт.
Мал-байлық мырзалыққа жарытпайды-ау,
Малдасын құрмаған соң пейіл-байлық.

102

Мен деген мадағыңа қас адаммын,
Дарынға керегі жоқ аса даңның.
Қарымта мақтасқанмен,
Аспайды адам
қалпынан Жасағаным жасағанның.

103

Бөріктік бишара боп мыңды алдырған,
Торықтық талшық таппай сырдаң қырдан.
Қызық бір қызыл түлкі.
Қуа-қуа
қуысқа кіріп кетіп құр қалдырған.

104

Артымда алабұртып қалғанда ай-күн,
Өзіммен бірге кетер арман, қайғым.
Тірлікте торда болған қайран басым,
Өлген соң қорда болса таңғалмаймын.



105

Өзгенің қариясын ақ бас көріп,
Өзінің қариясын қақпас көріп,
Алысқа мақтас болған –
Қашаннан-ақ
Жақынға жарытпайды жақтас болып.

106

Ұстатсаң тізгініңді надан ұлға,
Ұтымды із қалмайды қадамыңда.
Басынан балық қана шірімейді,
Шіриді шикі болса адамың да.

107

Иіні салбыраса, түсіп мойын,
Ел емес, ондай елді түсік, – дейін.
Мұнайды қуа-қуа мұрттай ұшты,
Құйрығын қуалаған күшіктейін.

108

Бас ұрған байтақ әлем атағына,
Бәйітім – біртуарға бата мына.
Ли Куан Сингапурды он-ақ жылда
Енгізген он озықтың қатарына.



109

Жақсылар төңірегін қоғамды етер,
Мұрат жоқ дүниеде соған жетер.
Мінімнен сескенемін.
Неге екенін,
Сескенем мінсіздіктен одан бетер.

110

Балығы қазағыңның бастан шіріп,
Жер жыртық, жұлмаланған аспан шұрық.
Сау маңды сырқау еткен – сумақайлық,
Тәубәмді мылқау еткен – астамшылық.

111

Тұрғанда дін жүректе, дұғаң баста,
Қақың жоқ қанағатты құп алмасқа.
Тіл сайрап, аяқ жүріп, көз көріп тұр,
Болады қандай бақыт бұдан басқа?!

112

Ши ішін ширек ғасыр шиырлаған,
Шыдамды сарқып бітті үйір надан.
Ағасы алақолдау бір халықпыз,
Топ қойдан тоқымдық жүн бұйырмаған.



113

Ескіше басқарды, – деп, – кексе кескін,
Жатқан жоқ бүгіндері екшеп ешкім.
Жаңамын, – дейін десем, жаңа емеспін,
Ескімін, – дейін десем, ескі емеспін.

114

Тіріде тозбаймын, – деп тыраңдаған
тирандар мұрттай ұшып тұра алмаған.
Өшпейтін, өзгермейтін ештеңе жоқ,
Мәңгілік ауыспаған бір Алладан.

115

Билігім болмаса да ісінде айбар,
Қырық жыл алдағыға тісін қайрар.
Ауыштың әдеті ғой –
Құлап жатып,
алдымен тұруды емес, ұшуды ойлар.

116

Абайың болам, – депсіз осы күнгі,
Ағажан, ағат көрдім осыныңды.
Хакімнен озам, – деуді әбес көру –
Көрмеуден әбестікті кешірімді.



117

Нан тапты талай жерден нақылы ұнап,
Артқаны жай қап емес, ақылы қап.
Жақын жан о дүниеге уағызымен,
Бұ дүниеге менен гөрі жақынырақ.

118

Сол үшін тіршіліктің төбелесі,
Сол үшін телшік тола тегенесі.
«Боқ», – дейтін дүниеңіз осы болса,
Құдай-ау, қандай болмақ боқ емесі?!

119

Тарта алмай өзгеріске қашақ шалды,
Таспасы тіршіліктің шашақталды.
Таңбасын табынудың
Тасқа емес,
Отыз жыл басқа мынау қашап салды.

120

Жұртым, – дер жан-жүрегі түкті қазақ,
Құлқын, – дер жұтқанына күпті қазақ.
Патшаны дейді, – Алланың көлеңкесі,
Болғаны-ау Аллаңыз да мықтыға жақ.



121

Айттың, – деп ақиқатты есін алған,
Ақынның қызыл тілін кесіп алған.
Өзіңсің – айтқызған да, қайтқызған да,
Сөзім шын – шындығы үшін кешір, Аллам.

122

Келерін білдірмейтін қаза қайдан,
Кем емес өмір оғы нажағайдан.
Ақының жүз пайызға адал емес,
Әкімің бола алады таза қайдан?!

123

Қақ жарар қара қылды арым – қылыш,
Арымды әкете алмас малың бұрыс.
Ақшаны аңсамаймын – алаңым жоқ,
Атақты аңсамаймын – жаным тыныш.

124

Көтерсе қолтығымнан Қызыр көнем,
Ізгінің әлі талай ізін көрем.
Жұлдыз ғой жақсылар да.
Мың жыл бұрын
сөнсе де сәулесі әлі үзілмеген.



125

Ісі жоқ базарменен, мазарменен,
Жан шықса, жайы кетіп азар денең.
Жалғанда үнсіздіктен аұыр не бар,
Мәңгілік үнсіздік қой ажал деген.

126

Дертiмнiң тiлесeң де деңдегенiн,
Демiкпес ол-пұлыңа сом денемiн.
«Дәметпе мiнезiмнен», – дер Жұмекен,
Дәметпе саулығымнан сен де менiң.

127

Мұқаудың мыңын көрген мендей көкең,
Мұзтаудан опырылған сеңдей бекем.
Өлеңмен өлтірмесең өлеңімді,
Әшейін өлтіргенге көнбейді екем.

128

Жұтаған сол жылдары жайлаулы қыр,
Жалғанға жаманатын жайды-ау бүкіл.
Аштықта ауыз салған адамға адам,
Ақылың үзім нанға байлаулы тұр.



129

Шалқыса шайпау желмен шыраң жанған,
Шыдамың шығыр тартар бір Аллаңнан.
Қолдапты құран басып нанды алса,
Болмапты нанды басып құранды алған.

130

Нан – нәсіп дастарқаның аса күткен,
Жасасын жалын жандар масақ үккен.
Құдай мен Құранымды жазғанымдай,
Нанды да жазғым келер бас әріппен.

131

Апыр-ай, асыл бар ма тозбай қалар,
Алхимик атып шықса көз байланар.
Халқыңның азар кезде бәрі ақын боп,
Салтыңның сары алтыны жезге айналар.

132

Ақиқат – аласұрған ағын сынды,
Айтудан жаңылған жоқ жағым шынды.
Жыңдыны түзетер ем жыңды болсам,
Сау болып амалсыздан сағым сынды.



133

Алданбай ақиқаттан өзге алмасқа,
Артында жақсылардың сөз қалмас па?!
Менікі, – дейтін түк жоқ.
Қос құлаштай
көріңе ала кетер бөзден басқа.

134

Айта сап асығыс сөз бір қызбада,
Асуын астамдықтың тұрғызба ана.
Темірхан талтаңдасын көктүрік боп,
Не керек талтаң саған, қырғыз, қожа?!

135

Танымын толықтырмай мол арнадан,
Тартылған тамырдайын солар надан.
Ұстаз боп жарытпайды,
Ара-тұра
өзіне-өзі шәкірт бола алмаған.

136

Басқаға, – деймін-дағы, – батыл айтам,
Көздерін жөнді-жөнсіз бақырайтам.
Қия алмай ақымақтан ақыл тыңдап,
Ұялмай ақылманға ақыл айтам.



137

Қарғаны қыран қылған, Тәңірім-ай,
Қараны қылаң қылған, Тәңірім-ай.
Сүрейді сүлей етіп,
Дүлей етіп,
Домбайды құлан қылған, Тәңірім-ай.

138

Бүгінде анау да ақын бұлақ ашқан,
Бүгінде мынау да ақын жұла қашқан.
Мені де «анау», «мынау» деп ойлайды,
Адамға қорлық бар ма бұдан асқан?!

139

Торыңның ішіндегі теңбілі едім,
Көліңнің ішіндегі мөлдірі едім.
Жаққан соң ұқсас бояу жұрт жағалай,
Туасы теңбілдігім өлді менің.

140

Пікірлес болмасам да пасықпенен,
Менен де әділеттей қашыпты әлем;
Бок, – деймін, – дүниені.
Айырмам не
мысықтан көктегі етті сасық, – деген?!



141

Бес күндік дүниеде тайғақ алды,
Қан болып қояйықшы қайнағанды.
Өлгенше текке ұрысқан,
Кек қуысқан
Мәди мен Қақабайлар қайда қалды?!

142

Ұта алсам бір мүшәйра жыр қысқаннан,
Өзімді кем көрмедім Шыңғысханнан.
Бабам-ай, артыңды алған бір мысқал жан,
Адам-ай, артылмаған тұрмыс-халдан.

143

Сыпсыңдар тақпау үшін сөзіме мін,
Серік қып сергектікті көз ілемін.
Жете алмай келеді ол мына маған,
Жете алмай келемін мен өзіме-өзім.

144

Берсеңіз берекесіз желікке төр,
Кетесіз көбік қардай еріп бекер.
Өзіңе таңғалысың артқан сайын,
Өзгенің таңданысы кеміп кетер.



145

Мен өзім шенін жұлып шекпендердің,
Ақиқат деген асау шептен келдім.
Сотқа серт беретіндей,
Өлеңге де
Тек, шындық, тек, шындық, –
деп серт бергенмін.

146

Өлеңнің ауылында жақын әпкем
қалғандай, көрген жоқпын қатынап кем.
Заманның «зерегі» боп,
Керегі жоқ
нәрсені керек қылған ақымақ – мен.

147

Саумалын сарықпады сабама қыр,
Теңдікті қайда барып табам әділ.
Бармақтай ұры кетіп,
Балқантаудай
Барымта билік құрған замана бұл.

148

Кім кетпес қара жердің құшағына,
Тағдырдың мініп алып ұшағына.
Ажалдың алар сәтте араны кең,
Қарамас ірісі мен ұсағына.



149

«Қартайдық, қайғы ойладық...» сәріден кеш,
Ақынмын, сөзі түгіл, әрібі өнбес.
Адамға бәрімен дос –
Қайбір жақсы
болғаны кәрі көмбеш дәрімен дос?!

150

«Дүние, өтеріңді біліп едім»,
(Беу, Біржан, сен әлі де тірі ме едің?).
Барамын мен де өтіп,
Көрсем, – деумен
ақ үзік жамылғанын құрым елім.

151

Ұлы Абай кермесінде топтап атын,
Керім ғой кеңесімен көпті алатын.
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей»,
Ал, Пушкин «жұбана» алмай кеткен ақын.

152

Басы дос дүниенің, түбі дұшпан,
Кемді күн кермалдасып ұғынысқан.
Арыстан – тірісінде аң патшасы.
Өлді ме,
Патшасы оның – тірі тышқан.



153

Қоспасыз қайран тілім шұбарланды, –
деп босқа шиырлаймын шығар халді.
«Бақсылар» шырын ойын шалап қылып,
Тапсырар мұражайға шығармамды.

154

Жырымды кім оқыр, – деп барға ұнаған,
Қадыр да кетерінде зар жылаған.
Заман-ай, арманыңа арзымаған,
Адам-ай, адамдықтан қалжыраған.

155

Ағытса біреу келіп сөз бұлағын,
Айырмай ақ-қарасын тез құладың.
Өз көзің жоқ па сенің көретұғын,
Еститін жоқ па сенің өз құлағың?

156

Алқынса ауыр көлік қайқаңға кеп,
Сау түгіл, сүйрей алмас сайтан демеп.
Ғұмырың бір бағыттың пойызы екен,
Барарға белеті бар, қайтарға жоқ.



157

Тізгінді ұстатқалы басты атама,
Тоздырған табанымды тасты атама.
Ұшаққа өзі отырып,
Қалған жұртты
мінгізіп кеткендей ол тасбақаға.

158

Шамданар түртіп қалса талас үдеп,
Шындықты іздей қоймас қарашы көп.
Жалаңаш королы бар бұл қазақтың,
Соны айтар жалаңаш бір баласы жоқ.

159

Заманның қулығынан шаппай желген,
Аз емес аузы күйіп қақпай көрген.
Дарынын дарға асарда дарақы жұрт,
Дамылсыз дәлдүрішін мақтай берген.

160

Еркекке еркек тиіп есінеді,
Әйелге әйел тиіп шешінеді.
Жаңылған жынысынан жарық күнде
Адам, – деп жүргеніңіз осы ма еді?!



161

Танабы тарлау емес, гүлге айналған,
Тағдырың тоса бермес күнгейді алдан.
Деп жүріп, – өмір алда,
Пенде шіркін
қалғанын оның артта білмей қалған.

162

Бос болар алпыстан соң шымыр аға,
Дос болар жетпістен соң құбылаға.
Жылдар да жын секілді-ау.
Босап кетсе,
Қайтпайтын өзі шыққан құмыраға.

163

Торы емес, топтан озған теңбіл едім,
Төскейді тұяғыммен тең күредім.
Төсендім төр кілемін.
Тағдыр жетсе,
Төсенбес көр «кілемін» мен кім едім?!

164

Шолпысын сыңғырлатса ұлпа бұрым,
Ел түгіл, елең етер қырқа-қырым.
Қозы ма ақ Баянды өле сүйген,
Қодар ма,
Төрелейтін – бір Тәңірім.



165

Құл болдың құлақкесті Баян үшін,
Тұл болдың жырақта ескі Баян үшін.
Сонда да зая күшің.
Таянышың –
Ер Қодар, менің ғана аянышым.

166

Шайыр ем шүпілдеген жүрегі өлең,
Тағдырдың не жазғанын жүре көрем.
Өлем, – деп бүгінгі күн бүк түскенмен,
Өлең боп ертеңіне түрегелем.

167

Шабыттың көтере алмай жарты ашуын,
Шашылған шала жырдың қаңқасы мың.
Ой кешкен орман екен Омар һәйям,
Мен соның, бар болғаны, жаңқасымын.

168

Жан болсаң қол қусырып кісі күткен,
Қарай сал көлігіне кісілікпен.
Көңілсіз салған сұлың атдорбаға
Ат емес, иесінің тісін үккен.



169

Төзімім – үзілмейтін түптегі арқан,
Сезімім – тізілмейтін үкпе барқан.
Өздерін аямауды білместерден,
Өлеңін аялауды күтпе, қалқам.

170

Күніңіз – күлімдеген көктегі мең,
Көнерер уақыттың өкпегімен.
Бүгіннен бүтін нәрсе таппағанның
әдеті бірдеңе іздер өткенінен.

171

Арамыз Абайменен аз аптадай,
Алайда, түзелмедік мазаққа орай.
«Бес нәрсе қашық жүрер» он болыпты,
Оңбақсың осыныңмен, қазақ, қалай?

172

«Қорқамын кейінгі жас балалардан», –
деді Абай, (мен де қорқам алағаннан).
«Баламды» көрсе менің,
«Өз баласын»
ұлы ақын түсірмес ед алақаннан.



173

Ақүрпек балапандай улбір бастан
ұшқан ой – үзілмейтін бұл бір дастан.
Жалғанның бір қызығы –
Үлкен емес,
Баламен екі-үш жасар былдырласқан.

174

Тәңірім азды-көпті ақыл берді,
Тануға алыс пенен жақын жерді.
Сенімен бір мысқалы серіктес боп,
Менімен мың мысқалы ақымға енді.

175

Қаншырдай қара айғырын жаратып ап,
Хас еркек тапқан емес дара тұрақ.
Біреулер әйелім, – деп өліп-өшер,
Әйелдің соған сенген бәрі ақымақ.

176

Кезбені артық көріп күйеуінен,
Кей қатын жүзік болды жиегі кең.
Бар сайқал заматта өлсе,
Жердің беті
бырдай боп қалар еді сүйегінен.



177

Көп керім сырғып кетіп қасыңыздан,
Көктемім көшпес деме басыңыздан.
Жастық та – сұлу қыз ғой.
Жөн сұратпай
Жымыып өте шығар қасыңыздан.

178

Ой кешіп, ойдым-ойдым орман басып,
Кемінде жүз бір қызға болғам ғашық.
Қыз қайда, шықты бүгін жүз бір кемпір,
Майысып маймақ аяқ, қорбаңдасып.

179

Кез қайда түн жамылып өрісті асқан,
Кез қайда кіл жаңылып теріс басқан.
Кез қайда өзің сыртта, ару іште,
Көзінен керегенің қол ұстасқан.

180

Жастықта болатұғын күнде ғашық,
Бұйырған күндіз емес, түнде нәсіп.
Қайда сол ақ үйдегі аппақ ару,
Қоятын ши тұтылған іргені ашып?!



181

Аулақта ат қалдырып, іргеңе кеп,
Іңірде белгі беру – тілге көмек.
Түзге шық түн ішінде.
Үйіңізге
енейік бір шапан боп, бір дене боп.

182

Құстөсек қозғалақтап, дір еткен тең
Тыншыды тоят тапқан тілектен соң.
Түн тиді күнтимеске...
Тәтті ұйқыда
тәніңнен сусып кетіп жібек көрпең.

183

Арудың ашық қалса қарсы беті, ей,
Айызын қандыратын «қамшы» дөкей.
Мәндірек малдан гөрі мамық мықын,
Дәмдірек балдан гөрі бал сілекей.

184

Білегім босатпайтын қақпан тірі,
Тілегім қоса аттайтын ақ балтыры.
Ашқаны аруыңның сәл жабық қап,
Сәл ашық қалса-ау, шіркін, жапқан түрі.



185

Аптықса албырт көңіл теңін күтіп,
Басады албырата өңін қытық.
Не жетер ақ боз үйдің әр жағында
Тұрғанға жас сұлудың демін жұтып.

186

Қызық қой қабыланға құба тұлғаң,
Кезінде қаны қызып тік атылған.
Мықында бір ышқырың сәл ығысып,
Бұтыңда бір балағың шұбатылған.

187

Болмаса тек өзіңе тиісті әлем,
Дұрысы – тұнығына тиіспеген.
Шүйгеннен сәттілеу ғой шүйіркелес,
Сүйгеннен тәттілеу ғой иіскеген.

188

Махаббат, қуанышым, құсам едің,
Тойымсыз тілегімді тұса менің.
Ару ма, алтын тақ па, – деп сұраса,
Тақты аттап, таңдаулымды құшар едім.



189

Адамды кететұғын өкіндіріп,
Айылын жияр емес шетін қылық.
Бойыма жұқпас үшін бояу-сұлу,
Алдыма алдырамын бетін жуып.

190

Жігітке жерік астай қыз бенен гүл,
Желігіп жеті түнде іздеген нұр.
Әйелі «Мың бір түннің» әмір етсе,
Әукесін артқан соған біз деген – құл.

191

Болған соң басынан-ақ сәулең кедей,
Қайтейін көп ісіңді әурең демей.
Өлеңді өлтіретін – сәндеп жазу,
Дұрысы – сәндеу емес, дәмдеуде ғой.

192

Жел тисе жұртым, – деген жобаға сәл,,
Ақиқат алыс жолда көп адасар.
Он сұмдық омыраулап шыға келсе,
Шоң шындық орынында омақасар.



193

Шындықтан шалғай жатса қиялың әр,
Шайқалып шың басында ұя құлар.
Болмайды зияны жоқ өтірігің,
Болса егер, оның-дағы зияны бар.

194

Қауымнан бері өтініп, әрі өтініп
қалаған шындығыңыз, көне, тұнық?
Бірді-екі өтірікке сенбейді жұрт,
Сондықтан біздегінің бәрі өтірік.

195

Десек те өне білем, өсе білем,
Өрістеп кете алмадық кешегіден.
Тойғызып келем әрең жұрт көңілін,
Өзіме-өзім тоймау есебінен.

196

Жарығы қанша жерден ұнағанмен,
Жалп етсе көтерілмес құлаған дем.
Үш буып шұқанаққа тастай салар,
Ышқынып орман жұртың жылағанмен.



197

Күйдірген басы менен балағын күн,
Сахара сыңары ғой Қарақұмның.
Аңдаусыз Арқа жаққа ауып кетіп,
Айналған арғыныңа арабыңмын.

198

Қойныңда кітап-қалам, қолда боза,
Өнерде Омар һәйям жорға боз, ә?
Мен қазақ болсам егер, ол да қазақ,
Мен қожа болсам егер, ол да қожа.

199

Ұстазға жыры жауһар, Ираны бақ
жете алмай, жүрген жанмын жиғанын ап.
Тек, қана қыздарынан қызым сұлу,
Шарабым шарабынан ширағырақ.

200

Айға ай, аптаңызға қосып апта,
Жаныңды тапсырасың иесі – Хаққа.
Тозақты ана жақта, – десең дұрыс,
Ал, бірақ жұмақ деген осы жақта.



201

Мен патша болған күні алғашқы қам –
Кежімді кенеппенен салғастырам.
Кестелім көрмеу үшін келемежді,
Кенепті кеңдір жіппен дарға астырам.

202

Елімнің ертедегі ез қадамын,
Жоқ менің айыптаудан өзге амалым.
Кененің басын кескен қырғыз емес,
Өз төрең, өз төлеңгіт, өз қазағың.

203

Тарылып қиянат пен қысастардан,
Тоқымдай жер қалмаған тұтас ханнан.
Сен болсаң, – кушім кем, – деп күмілжисің,
Хан Кене қаржасты ма күші асқаннан?

204

Төрем-ай, қырсық шалса маңайы лаң,
Болаттың беті қайтар қалайыдан.
Хан басың ханнан өлсе арманың не,
Орыстың опат болдың малайынан.



205

Дүрліккен әшейінде, дабыл-далам,
Қайтейін дабылыңды қағылмаған.
Бар ма екен ханнан сорлы –
Бас кесерде,
Бір бауыр ара түсер табылмаған.

206

Тақсыр-ай, алдың күдік, артың күмән
болған соң, боз далада салдың ба ұран.
Өзіңсің – қазағымның соңғы ханы,
Өзіңсің, сөйте тұра, алдыңғы хан.

207

Қамыққам тауға өкпелеп, түзге налып,
Қойған соң нарқасқамды тіздеп анық.
Кенекем кемдік көрген іздемеуден,
Жақсыңды өлмей тұрып ізде, халық.

208

Жігіттің жайсаңдарын бас үлек қып,
Жалғанды жалпағынан басып ек нық.
Хан басын қағып алып жатқан кезде,
Басым бар, – деудің өзі – басы жоқтық.



209

Түңілме тас қайнарым бітелді, – деп,
Тұнығын табандылар күтер жүдеп.
Жүрегі түктілерден түк шықпаса,
Бір күні туады әлі тікен жүрек.

210

Ақыры келмес үшін азапқа дөп,
Әуейі бола берме «ғажапқа» көп.
Қазекең жүз жыл бұрын аттан түскен,
Ат та жоқ, содан бері қазақ та жоқ.

211

Жалмаңдап жүздеген көр, ондаған дар,
«Үштіктің» үкімімен өлді адамдар.
Дегенің «халық жауы» жау болмапты,
Кім сонда халық жауы болмағандар?

212

Ашарда айырмасын ақ-қараның,
Адасып кетпеу үшін сақ қарадым.
Әркімнің болады екен өз «дұрысы»,
Менікі дұрыс, – деуден қап барамын.



213

Қаншалық жануардан айырмам бар,
Адам да Аллаң өзі қайырған «мал».
Бақидың баурайында жусар бір күн,
Жалғанның жайлауында жайылғандар.

214

Заманға шатыстырған шайтан есін,
Мен емес шығаратын қайта кесім.
Төре ғой хан Кене де, Рүстем де,
Кене ме, Рүстем бе, қай төресің?

215

Қоңыздай көңмен бірге домаланған,
Қуумен дүниені жоғалар жан.
Қиналам таңдау жоқта түк таба алмай,
Таңдатса... қиналамын одан әрман.

216

Екенін сезіне алмай кезің бұл сын,
Еңкейткен екіндіні сөзің құрсын.
Болсын-ақ хан ақымақ,
Ақымақты
көтерген ақ киізбен өзің кімсің?



217

Байқаймын басынан-ақ байға жақсың,
Байға жақ болған сайын тайғанақсың.
Қазақ қой Махамбет те, Ықылас та,
Махаң ба, Ықаңсың ба, қай қазақсың?

218

Би қайда билігіне жүгіндірер,
Екенін ұғындырып түбің бір ел.
Аталы сөзің түгіл,
Ат мінгіссең
кешпейді айыбыңды бүгінгілер.

219

Тозады адам түгіл темір бұйым,
Тірліктің төмендетіп көңіл күйін.
Ақиқат жалқы-дағы, шындық егіз,
Емізсе егіз шындық, өмір – қиын.

220

Сардары сылдыр сөзбен салғанда өрнек,
Сеніп қап малтасына малданған көп.
Алдадым, – деп ойлайды халықты ол,
Халық та алдайды оны алданған боп.



221

Адасып кетпеу үшін ғафыл ұнап,
Абыздың жүрсе дейсің ақылын ап.
Шындықтан гөрі адамның табиғаты
О бастан жалғандыққа жақынырақ.

222

Адамның қоры болмас нысапты ұққан,
Наданның жолы болмас ісі аптыққан.
Ажалы өзіңде жоқ іріліктің
келеді өзіңде бар ұсақтықтан.

223

Мезетте неше мәрте құбыла алар,
Мүскіннің мінезін кім ұғына алар.
Өрт сөнді, – десең өңі өрттей тұтеп,
Өртенді, – десең ғана қыбы қанар.

224

Тантыққа татуы жоқ таянба, – деп,
Тайғақтан табу қиын баянды әдет.
«Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын»,
Жүгіндім сөзі қысқа һәйямға кеп.



225

Ұйқыңнан оян, тауым, оян, далам,
Жоқ енді қамыңды жер ноян қаған.
Тәрдегім төскей шықпай, мешкей шықты,
Бір елді бір өзі жеп тоя алмаған.

226

Бағыт ап Бағдаттан, Басырадан,
Қожекең келіп жетті қасыңа аман.
Еді ғой атапірің,
Ардақтай бер
Ұрпағын пайғамбардың шашыраған.

227

Табынған пенделерден пір қашап ап,
Құдайсыз қызыл кеңес қырға сабақ.
Кісіні кісі жасар.
Бірақ оның
кісілік қасиетін дін жасамақ.

228

Қоспаққа қазынаңды баса көп арт,
Жүгі ауса, бұрау салып тасада оңалт.
Бай қайдан байымасын – аса сараң,
Байысын кедей қалай – аса жомарт.



229

Елеусіз нәрселерге елеңдеймін,
Елеулі нәрселерге кереңдеймін.
Кереғар құбылыспен кермалдасқан,
Бар екен дүниеде менен дөй кім?

230

Тірліктің тұтатсаң да отын ап кей,
Тозады түбінде бір тоқырап бой.
Бадамның барар жері бал қасық та,
Адамның барар жері топырақ қой.

231

Ақын ед әрі кетсе өзіміздей,
Айғаймен аусар еттік сөзін үзбей.
Асылды бөз қыларда кендір – керім,
Алтынды тоздырарда жезіңіз – дөй.

232

Өнерде келмейтұғын құлаусыз еп,
Секілді айтқан тоқты сұраусыз ек.
Менікі – ұрып кетер жырдың дерті,
Сенікі – тұрып кетер тұмау-сүзек.



233

Бақасқа балқымайтын тұста балқып,
Бақыт жоқ қолымызға ұстаған түк.
Бұғына қырттарға ерген ішкі жаудан,
Сұғына сырттан келген дұшпан артық.

234

Жоқшылық қадірімді жойды, – демей,
Жолын тап, тапсаң ғана тойды көмей.
Қойлы бай болу үшін
Кем дегенде,
қарағым, болу керек ойлы кедей.

235

Анықтап әлемдегі салмағымды ел,
Айдарым алтын болар алда күндер.
Балық бер, о, Тәңірім, қазағыма,
Балықты ұстар және қармағын бер.

236

Жан беріс, жаһанданған жан алыста
Жабайы жүре бермей сананы ұшта.
«Қойыңды бұзатұғын қортық қошқар»,
Ойыңды бұзатұғын самоучка.



237

Еліме сөзде ғана ең күресшіл,
Мөңке би мәлім еткен төнді кеспір –
Әуелден өспес елдің басшылары
Саммитшіл, симпозиумшіл, конгресшіл.

238

Біреуді сынағанда сынадаймыз,
Өзіміз қандаймыз, – деп сұрамаймыз.
Өзгеге таққан міннің бәрі өзінде,
Жұрт білмес, – деп ойлай ма мына байғұс.

239

Талыс ең, емес едің шөнігі елдің,
Арыс ең, жеткені ме демігер күн.
Өзің и боласың да, қайран қазақ,
Иледі, – деп өкпелер сені көрдім.

240

Тойлардан күнтізбенің беті шапқын,
(Тергенде осындайды өте ұсақпын).
Қазақтың мерекесі екі жүздей,
Өзбектің мерекесі екі-үш-ақ күн.



241

Арзымас арғы тегін тұрғы шабан,
Арғымақ етіңіз, – деп кім қысаған.
Өзгерткен өмірінің баяндарын,
Өзге емес, өзімізде тұңғыш адам.

242

Кепілі қарыштаудың кейіндемей,
Қолыңда билігі бар дәйінде ғой.
Деменіз, – елім кедей.
Елің емес,
Басқарған еліңізді пейіл кедей.

243

Өзінің ісі ғана ысылғаны,
Өзінің құсы ғана ұшырғаны.
Бастықтың бәрі кәпір.
Болады, тек,
аздаған арасыңда мұсылманы.

244

Обал мен жиып тастап сауапты бар,
Орынын сайтан басса, дау аптығар.
Тәртібің қайдан болсын.
Бұзса оны
алдымен сол тәртіпке жауаптылар.



245

Өлеңнің күмісі мен көңін күреп,
Өлгенше өректің көңіл бір от.
Хатшының мақтауынан...
Қалтқысы жоқ
атшының мақтағаны сенімдірек.

246

Табағы таусылмайтын мың қасық ал,
Татқанға тағылымның тұнбасы – бал.
Бір ойың мыңды асырар.
Ал, бір қойың
Асса бір, ал, аспаса кімді асырар?

247

Кәсібі адамзаттың жолдағы анау –
Жол жүру, немесе сол жолға қарау.
Қырық жыл құм кештірсе бір пайғамбар,
Оның да оңды басшы болмағаны-ау.

248

Дінімнің көзден ұшып көгал кезі,
Дүмшенің қадалып тұр доғал көзі.
Күнәңді біліп еткен кешер болса,
Кешпейтін құзырында не қалды өзі?!



249

Ал, менің айтатыным есі барға –
Көз жетпей қисынына, көсіп алма.
Күнәсін білмей еткен өшір, Алла,
Күнәсін біліп еткен кешіре алма.

250

Төбеңе құлатпақ боп тасты қашық,
Тасырдың бара жатыр қастығы асып.
Бағынсын басыңызға аяғыңыз,
Әйтпесе, кетеді ол басты басып.

251

Келген жан хан тағына Кеңес құлап,
Масайды майлы қоғам өңешке ұнап.
Қырық жыл құм кештірем, – дейді бұл да,
Кештірер пайғамбар да емес бірақ.

252

Жер қайғы, біреулерге аспан қайғы,
Қайғылы ашулылау «ас» таңдайды.
Қадамы түзу елдің, қарап тұрсаң,
Адамы арақ қуып мас болмайды.



253

Болсын, – деп, – басқалардан кешім үстем,
Алдырдым ашулысын неше ыдыспен.
Һәйямдар қыз құшақтап ішкен шарап,
Қыз түгіл, кемпір де жоқ... несіне ішкен?!

254

Осы ма шабыт сыйлар шарапхана,
Албары жабылмайтын бар аптада.
Деменіз арақ қана.
Білгенге ол –
Кімнің кім екеніне сараптама..

255

Патшаның мақтауына сенбе, –деген
тәмсілді айтқан адам ең көреген;
Орден ап бір қолынан,
Бір қолынан
кетуі әбден мүмкін көрге денең.

256

Шарана мен келдім, – деп шыр еткенде,
Ұқсайды топырағы дір еткенге.
Оянған сол топырақ талмай күтер,
Жеткенше жүрек жерге, күрек көрге.

257

Нәрсені қаламайтын қалап алған,
Мен де бір жаны жұқа жарадар жан.
Қазақтың қазысынан қарын қымбат,
Қазақтың қатығынан арақ арзан.

258

Сөйлейтін сызып тастап көп тізбеден,
Кім екен мінберіне өткізбеген?
Шындықты іздеп едім шыр айналып,
Үн шықғы шыңыраудан «жоқпыз», – деген.

259

Келбетін кісіліктің мықты дерлік,
Біреулер бейуақыт үкті бор ғып.
Қорлығы дүниенің – қорқып сыйлау,
Қорқытып сыйлаттыру – тіпті қорлық.

260

Таңдаса «аққұлақтан» басқа сыңар,
Көкемнің астындағы тақ та сынар.
Қазақты жарытқан ғой.
Біреуі аздай,
Үстінде патшасының патшасы бар.



261

Ақтарсаң ақылыңның ақ күмісін,
Бақастың басына қан шапшыры шын.
Жаманың үшін сені жақсы көріп,
Мүмкін-ау жек көруі жақсың үшін.

262

Мектепте ғана емесін «қиын бала»,
Байқайсың бара қалсаң жиынға ана.
Жетпіске жағынбай-ақ жеттік біздер,
Жағымпаз неге бұлар жиырмада?

263

Тірлікте тыю бермес телегейсің,
Бурадай буырқанған бөлек ойсың.
Өлген соң сен де тассың.
Содан болар,
Тасқа «тас» тақ еткенін елемейсің.

264

Заман ба ширататын іскер етіп,
Адам ба қирататын күшке бекіп.
Біз сырттан «оқып» тусақ,
Ендігілер
енеңді ұрып жатыр іштен оқып.



265

Жасы бар жиырманы тұмшалаған,
Басы бар бақастығы бір шабадан.
Баланы көремін деп кім ойлаған,
Бесіктен құлық сауып, құм санаған.

266

Түңілдім тойымсыздың тәбетінен,
Таңдайға басқан сайын тағы өтінген.
Тірлігі тышқан күйі өтіп барад,
Тұғырын арыстанның дәметумен.

267

О, әйел, жылуыңды қабылдап ап,
Қызған қан қызықтан соң дамылдамақ.
Жаралды, – дегеннен соң, – қабырғамнан,
Жатамын ылғи сені қабырғама ап.

268

Көлдеткен ұқсап кейде сағымға тым,
Шөлдеткен ұқсап кейде шағылға тым;
Қинаған сорым – қатын, көрім – қатын,
Сыйлаған бабым – қатын, бағым – қатын.



269

Нұр құйса бойы балқып сай ерімек,
Қылмиса келіншегі байы ерімек.
Гаремнің керегі не сұлтаны жоқ,
Әлемнің керегі не әйелі жоқ.

270

Болғанда әйел етек, жаға ғой ер,
«Етекті» екшеп әлек жағалай ел.
Ғайып боп қатын біткен,
Қайтер едің
қасыңда қалса жалғыз «жаман» әйел?!

271

Қалқам-ай, қимасыңды кейітпей шын,
Қиялдың қыпша белін кейіптейсің.
Біреуге кешіп өтер құндыз жайлау,
Біреуге шешіп өтер сейфтейсің.

272

Бетінің әжептеуір қызылы бар
әйелдің бүкпесі көп біз ұғынар;
Сұлтаны шыға бере,
Ұлтанына
ұлпасын ұсынатын қызығы бар.



273

Қараға тойып бітсе, тауып қылаң,
Қатынның болып жүрген сауыққа ұран,
Жиегі жүзігінің жүз құбылып,
Әр еркек келген сайын ауытқыған.

274

Сыны емес, сыр жағылған сымбаты ұнап,
Құнсызды құнды етуде күллі ақымақ –
Құтайтар соғым-байтал бағасынан,
Бұт артар бегім-байтал қымбатырақ.

275

Иегім тиген кезде иегіне,
«Шымырлап бу енеді сүйегіме».
Домбыра-мықын сонда дың етеді,
Домбыға тиіп кетсем тиегіне.

276

Сезімді шу асаудай шығандаған
Басынан кешпеген жан ұға алмаған;
Нұр жүзін ашқан сайын аулақ аунап,
Құндызын жапқан сайын құмарланам.



277

Тәңірім, тәуірінде нұсқам мен түр,
Бағымды балтыры тоқ тұстан келтір.
Көрінер Қыз Жібектей,
Ұрғашыдан
қалса, тек, жер бетінде Мыстан кемпір.

278

Қолымда шарап тола кесемменен,
Сұлумен сауық құрдым төселмеген.
Сөз жетті «қыз бен шарап – күнә» деген,
Тез жетті жауабы да «кешем» деген.

279

Әуені назды әншінің – саған, қалқам,
Мәуелі жазған сырым – саған, қалқам.
Тәңірім илегенде артық қосқан
Бір уыс саз балшығым – саған, қалқам.

280

Сұлудың сырға толы сырғасынан
төгілген тылсымы мол нұрға асығам.
Жандысы былай тұрсын,
Дүниенің
жансызы тұрады еркек, ұрғашыдан.



281

Үлкенге жүгіретін сәлем ала,
Әдебін әлдилеген, әне, қара.
Болады әр нәрсенің өз анасы,
Жер – ана, жерді туған әлем – ана.

282

Кетеуін кетіретін қоғамыңның –
Келеге келмей жатқан доғал үлгің.
Настықтың ауызымен арамдалған
астықтың ойлар екен обалын кім?!

283

Мына шал әпере алмас маған айды –
деген ой желгек жасты жағалайды.
Өтірік «ағалайды».
Өте беріп
бірдеңе шығар жанды сағалайды.

284

Не болған бүгінгінің жастарына,
Ар емес, айла кірген бастарына.
Мезеттік пайдасы үшін мерт қылмақшы,
Асылды қарамай-ақ астарына.



285

Кеудесін қармаса да сатылап бар,
Жершілдік, рушылдық таты қатпар;
Әлеми дамбалдамын, – деп ойлайды,
Ауданның ауындағы ақымақтар.

286

Шараптан шарқы көріп мол тағамды,
Шаруам демде менің орталанды.
Есептеп ішкен һәйям-математик,
Мен болсам білмей іштім төрт амалды.

287

Ей, шайыр, сұлуды сүй, шарабыңды іш,
Бұл онша бола қоймас дара қылмыс.
Осылай болып келген бізге дейін,
Осылай бізден кейін қалады үрдіс.

288

Бағзыдан осы өнерді бастағым кеп,
Артыппын азабы мол басқа міндет.
Шарабым һәйямыңнан асқанымен,
Қарағым, баянынан асқаным жоқ.



289

Аспанға шыққаныңмен ақыл демеп,
Ақылға артық емес батыл көмек.
Балпаңдау үшін біраз байлық керек,
Талтаңдау үшін біраз тақым керек.

290

Қазағым, қайманалар құтыңды алып,
Тамырың тартылуда тұқылданып.
Бір балаң үнсіз қалса қайғы дейміз,
Не дейміз тілсіз қалса бүкіл халық?!

291

Туыс жоқ түсінетін төте тілмей,
Төрт түлік – тұғырыңды ететін дәй.
Жеріңді малмен толтыр.
Келген кірме
Малыңмен мал боп бірге кететіндей.

292

Доллардан дөнен мініп тайраңдаған,
Тәлімсіз текешікке айналды адам.
Жанымен емес,
Мына маң даланы
малымен ұстап тұрған қайран бабам.



293

Халқым-ай, ұраныңды айбыңды, ащы,
Көмейі күмілжіген жай күн басты.
Бабаға тар болған жер –
Баласына
кең болса, дейсің оны қайбір жақсы.

294

Іштім мен заманымның запыранын,
Құстым мен нала-мұңның запыранын.
Жұлынды жапырағым.
Құй шарапты
білмейтін запыранды, ақымағым.

295

Мандысын мият тауып мұрам қайдан,
Мінбері босамаса құр айғайдан.
«Мал өсед, жер өспейді» дегенді айтқан
Хан жасау керек еді Құнанбайдан.

296

Әй, досым, қайда әлгі ашубасар,
Күн келді қырбай қумен татуласар.
Һәйямдай «тіскебасар» тотайым жоқ,
Қыз келтір, қылымситын қасымда сәл.



297

Шарап та шаршағанда аңсарлы ісім,
Дегізер, – деміңді алмай ән сал, құсым.
Сәл-сәл іш, – дейді оны.
Сәл-сәліңе
жетпесін қайдан білсін сәл-сәл күшім.

298

Бүгінде аз емес қой ақын, шүкір,
Басалқы барлығына ақылшы – қыр.
Қазақта қара өлеңнен өзге өлең жоқ,
Бар болса – бақа-шаян, кәкір-шүкір.

299

Ар, – дейсің арыс денең арттырып бой,
Нар, – дейсің намыс деген салтты ірікпей.
Нәрсе жоқ түпкілікті.
Білген жанға
Бәрі де сарт қылық қой, шарттылық қой.

300

Сіркесі су көтермей еңсем отыр,
Еңсеме деген кімдер, – сен сөне тұр.
Елім-ау, теңселе тұр, теңселе тұр,
Кіргенше қожайын боп кеңсеңе тіл.



301

Жақсарып жатқан кезде ел, астана,
Ғасырдың өзі адамға емес пана.
Қылшылдап тұрған мына сексен жасқа
Былшылдап ажал жеткен не масқара?!

302

Тірлігің теңселгенде тіреу көрер,
Тамырың талыстай боп білеуленер.
Жоқ екен артық орын.
Бұл өмірге
Біреулер кетсе ғана, біреу келер.

303

Қадірін қара жердің қолдағы ана,
Қалайша білмеді, – деп болма нала.
Біз үшін дала – мұнда.
Байлар үшін
Доллары қайда болса, сонда дала.

304

Көнбейтін бойыңдағы қабілетке,
Көп істің тұнып қалды табы бетке.
Тәнімді көрген көзбен, Тәңірім-ай,
Жанымды көре алмауым әділет пе?



305

Қайсың бар құбылысты тұсап көзбен,
Һәйямша тербететін ұсап безбен.
Отыз мың сөзге сыймас ойды өрді
Гүл, шарап, ару, – деген үш-ақ сөзбен.

306

Айтқандай ата заңда қайырлы, ұзақ,
Керегі қазағыма зайырлы зат.
Бүтінді бөлшектейтін,
Басқа емес –
Айыр тіл, айыр мекен, айыр құжат.

307

Не сұмдық – тұтылмаған кетпен сұмдық,
Не сұмдық – шынды жалған еткен сұмдық.
Кешегі қанын төккен баба жері
Кешегі дұшпанына кеткен – сұмдық.

308

Әуелден жанасқан жан жұртқа мұз боп,
Шылбырын бара-бара ұлттан үзбек.
Қайтесің, қайран қазақ,
Біле тұра
Дұшпанды ішіндегі сырттан іздеп.



309

Келтірсе кесірлілер қауымға аза,
Өзі емес, сүйенетін тауын қажа.
Арамды адал жолға бір аттатсаң,
Болмайды бұдан асқан ауыр жаза.

310

Бір заман жапырақты дар айырып,
Лыпасыз болғанымыз қалай ұмыт?
Киімсіз жүру емес,
Табиғатқа
киіммен жүру – нағыз жабайылық.

311

Ей, адам, ірметіліп ісің кей күн,
Заңының жаратылыс күшін жойдың.
Кешіріп жалаңашын түнгіліктің,
Кешпеуің күндізгісін түсінбеймін.

312

Деп жүрген жаны таза, жаңаға ергіш,
Не болған жастарыма дана, көргіш.
Жағымпаз жиырмаға жетпей бірі,
Отызға өтпей бірі пара бергіш.



313

Көрімнен хабар сап ем қатері көп,
Денеңді, – деді, – сонда әкеліп ек.
Бар болсын әкелгені,
Тастай сапты
қабірге тұсқағаз бен кафелі жоқ.

314

Сұрайтын сыбағасын сыбап елді,
Сайтанның сатқындығы шұбап өрді.
Жер дауы ашынғанда «жерге кіріп»,
Басылғанда жерден қайта шыға келді.

315

Жүз керек бұл қазаққа кесіп кетер,
Біз керек тиген жерін тесіп кетер.
Әйтпесе, кірмелерден кигіз тозып,
Айналып кетері анық есікке төр.

316

Намысқа келген кезде нар бол, қазақ,
Арысқа келген кезде ар бол, қазақ.
Кеңдіктен алып жатқан алғысың жоқ,
Кеңге кең, ал, тарына тар бол, қазақ.



317

Жарайтын жан емес ем төбелеске,
Түрткілеп су шығарды менен еспе.
Жағынып жақпағаннан –
Жағаласып,
қағынып жақпағаным жөн емес пе?

318

Анау жан айдалғанда ләм демедің,
Мынау жан байланғанда жан демедің.
Не қылған зәндемі едің.
Сен емес пе ең
Солардың көрген қолпаш сан көмегін?

319

Жүрсең де қанша жерден, – мөлдір ем, – деп,
Сен түссең жүре берер көл күрең боп.
Өзің де сенбейтұғын өтірікке,
Қайтесің өзге жұртты сендірем, – деп.

320

Екенін дүниенің мәні қандай,
Ескеріп адам бар ма танығандай.
Қартайсаң жүзің қайтар.
Қылыш емес,
Жартасқа қырғышыңды жанығандай.



321

Селеуі самал соқса үкісі боп,
Маң дала манаурайды құты шіреп.
Жер сатам, – дегендердің өлгеннен соң,
Жатуға жер қойнында құқысы жоқ.

322

Қазағым, бей-берекет бытыс жолда
Ұлт бола алсаң ғана ұтыс қолда.
«Амери-кандық» дейтін АҚШ құсап,
«Қазақс-тандық» дейтін ҚҚШ болма.

323

Жолдағы төрі болдым көрінгеннің,
Қолдағы мөрі болдым көрінгеннің.
Байландым елшісіне бөтен елдің,
Айналдым еншісіне бөліп жердің.

324

Болса да еркіндігім таза күнгей,
Бейнеттен арылмаған азабым дәй.
Қайтесің орысқа артып, орманға артып,
Қазақты құртып жатқан қазағың ғой.



325

Жалғасқан десі мың жаз, көші мың қыс,
Емеспіз ел қорыған Жошы, Шыңғыс.
Оздырсаң мақтана бер тұңғышпын, – деп,
Тоздырсаң баптан егер, несі тұңғыш?!

326

Қыран ем қос қанаты көк тілетін,
Тұран ем торта-майын бөктіретін.
Үптеді-ау батыстың кеп бозымдары,
Үйкелеп боз кигізге боқты көтін.

327

Ырысың құйылсын өз шелегіңе,
Ұлысың жиылсын өз көлеміңе.
Қазаққа бұйырмаса қазақтікі,
Қазақ боп онда, тіпті, керегі не?

328

Пышақтың беріктігі – жетесінен,
Жетесіз жем іздейді төтесінен.
Қамалған қабыланға қара өгіздей,
Бүк түсті-ау қайран қазақ шөкесінен.



329

Жерұйық мекеніңді жын-ұяң ғып
жатса да жақ ашпайтын, міне, ұяңдық.
Жоя алмай КСРО-мен қазағыңды,
Қытаймен жоймақшы енді Зымияндық.

330

Ай шапса арғымақтай арымаған,
Арыстың ағайынға бары ұнаған.
Заманбек жалғыз сөзбен жазды роман,
Аты да, мазмұны да – «Жарымаған».

331

Елім-ай, емін-еркін жүрген бұлаң,
Аңдасаң алыста емес, іргеңде ылаң.
Қазақтан кегін алып жатқан сынды,
Қазақ боп қойынына кірген жылан.

332

Жұртым-ай, жаралғалы жастанып өр,
Күйініп жұр-ау біреу басқаны мөр;
Қазақтың орынына бұл даладан
Мен неге көрмедім, – деп, – басқа бір ел.



333

Тәңірім, бәрі өшсе де, ар өшпегей,
Адамға кездестім бе алашқа өгей.
Бостандық босағада бес ай жатқан,
Анасы тастап кеткен нәрестедей.

334

Бүгінде ой елсіздік, тау елсіздік,
Қашанда елсіздіктің жауы – елсіздік.
Сынаптай қолдан сусып кетпегейсің,
Сұратпай келе салған, тәуелсіздік.

335

Салтынан жаңылды ма қыр кешегі,
Жат болды жайласақ та бір көшені.
Бұрындар «бас кессе де тіл кеспейтін»,
Ал, бүгін бастан бұрын тіл кеседі.

336

Мен болсам елімді ойлап еңіредім,
Ал, сенің көңіл емің – төңірегің.
Не деген жебір едің.
Тоя алмаған
сом алтын болса-дағы кемірерің.



337

Жұмысым бір ғана емес, бітіп екі,
Жанғанда құттықтаудың лүпіл оты
Апыр-ай, ләм демеді-ау кейбір қулар,
Рұқсат бермеген соң «үкіметі».

338

Аңғалдан арамзалар айла астырып,
Түтеп тұр тағылықтан таймас қылық.
Жаманның көңіліне қараймын, – деп,
Жақсыны жер қаптыру қай жақсылық?!

339

Өзбек боп өмір сүрер өзбек ана,
Қырғыз боп өмір сүрер кезгек ана.
Нұсқасы пішінде бар, ісінде жоқ,
Қазақтың қазақтығы – көзге ғана.

340

Өзбектер өзбек болып өзін ұғар,
Тәжіктер тәжігінің сөзін ұғар.
Түркімен түркімен боп...
Ұлтын «өңдеп»
қазақтың орыс болар не жыны бар?!



341

Десем де қанша жерден беріспеймін,
Боламын кей күн қазақ, орыс кей күн.
Тіліммен шұбарланған –
Қорсылдақ пен
маңырақ араласқан өрістеймін.

342

Кеңейткен көркем сөздің көлемін мың,
Әйтеке, Қазыбек пен Төлем – үлгім.
Кеудесі үлкен сенде пенделіктің,
Кеудесі үлкен менің өлеңімнің.

343

Адамды адамдарға еткен өгей,
Болмасын көңілдерде, тек, көлегей.
Өкпеммен қуантам да бір досымды,
Мұңайтам бір досымды өкпелемей.

344

Кісісі емес едім төбелестің,
Көңілін жақсылардың демеп өстім.
Орынды өкпе айтпайтын ағайыннан
Толымды достық күтер мен емеспін.



345

Кеш те – төр, келем десең, азан да – төр,
Айтарым қатыныма қазан көтер.
Тым-тырыс тына қалып, мына халық
Мазамды алмай қойса, мазам кетер.

346

Түріне қарамай-ақ тойпылдаған,
Қорқамын жасты ықтырған кей тұлғадан.
Дейтұғын «бөрі кәрісін...» заман өтіп,
Келген бе «бөрі жасын...» дейтін заман?

347

Айналып түссе-дағы аспан ана,
Айықпас арсыздықты тасқа бала.
Ғажайып тойхана ғой Қазақстан,
Ғұмыры өзгермейтін Бас тамада.

348

Адамға алтын басым азат, – деген,
Айтарым – мұның әлі аз-ақ, – дер ем.
Тағы бір тәуелсіздік керек бізге,
Төредей тану үшін қазақты әлем.



349

Би болмай қалған білем би де, тегі,
Жұтарда түйеңізді түйме етеді.
Тұл боп тұр, – дейтін жандар емес,
Елді
гүлдеп тұр, – дейтін жандар күйретеді.

350

Жетер, – деп келешекке көшім аман,
Жел сөзбен соқпаса екен төсін адам.
Арланы бұрынғының ұлып қалар,
Күшігін үргізгенде осы заман.

351

Еліммен бірге менің өткелдерім,
Жеріммен бірге менің кетпендерім.
Халқымды түйе құсап қарпып сүйем,
Емес қой қарпып сүйю – жек көргенім.

352

Кеткенмен жел суырып жерошағын,
Кемімес кеудемдегі көне сарын.
Тұрғанда Абай көріп көкжелкемнен,
Тұрғанда жанай келіп Кенесарым.



353

Жылқысын жел ғып берген, Тәңірім-ай,
Қыртысын кен ғып берген, Тәңірім-ай.
Кемерін кең ғып керіп,
Соны қорғар
керегін кем ғып берген, Тәңірім-ай.

354

Қаптаса қапталы мен сілкіп өрін,
Кетердей аждаһадан үркіп елім.
Мың жылда не болады,
Мың жыл бұрын
Алтыннан астау шапқан түркілерім.

355

Сөздері бұрынғының атылмаған
оқтай боп оқпаныңда сақылдаған.
Барады қытай қаптап,
Шынымен-ақ
жақындап қалғаны ма ақырзаман?!

356

Байрақта бүркіт сынды батыл құспыз,
Жау жоқта жолбарыс боп атылғышпыз.
Бергішпіз, сондықтан да берілгішпіз,
Сатқышпыз, сондықтан да сатылғышпыз.



357

Жұртым-ай, сыныңды алып сойыл, егес,
Боп кетіп жүрмесінші тойың елес.
Алғанын қайтып беру, келсе қайту,
Дәл осы қытайыңның ойыны емес.

358

Жалған-ай, бұл не деген заман болды,
Жер сатып жыртығымды жабам ба енді.
Кеткен сәт тұтамдайы
Дей беріңіз –
«Мәңгі елің» мәңгілікке тәмәм болды.

359

Нәсіп боп несиеге ұшқан алап,
Нәрсе ғой айтатұғын құсқа балап.
Жылмиып ала алмаса жылым көршің,
Көрде тұр, қам қылмасаң, құшпен алад.

360

Желге ұшты-ау жерім деген батаң, қазақ,
Жер құшты-ау елім деген сақаң, қазақ.
Ақшаға нарды саттың, арды саттың,
Ақшадан өліп пе еді атаң, қазақ?



361

Қысық көз іске асырып қиялын бай,
Ұяңды ұйпаламақ, ұя қылмай.
Ада боп кетпесе екен арда қазақ,
Ақырғы могоканның тұяғындай.

362

Беу, қазақ, елтаңбаң мен төріңде ілер
Бір күні десе қайттың, – мөріңді бер?
Қорқыттың көрі, – дейсің,
Көп болғанда,
Берілер мұндай «көрге» көрімдік – ол.

363

Арылмай ақ көңілі ұдайы ыстан,
Халқым-ай, айдалаға ұпайы ұшқан.
Қараң қап қара орманым,
Қапталымнан
Қайтемін өсіп шықса Қытайстан?!

364

Қадымнан күтімі ірі, бітімі ірі,
Көршінің естілуде күпір үні.
Шамданса басып қалар.
Бір-ақ уыс
халқымды, шырт еткізген түкірігі.



365

Елім-ай, бүгінді емес, ертеңді ойла,
Ертеңі не болатын еркеңді ойла.
Қасапқа бастайтұғын теке құсап,
Қастандық жасамасын серкең қойға.

366

Орысқа оң аяғын байлап берді,
Қытайға сол аяғын сайлап берді.
Қаңбақшал секілденген Қазақстан
Барарын білмей отыр қай жаққа енді.

367

Шүйкесін сөз бен істің қосып ызып,
Мықтының мақтанбай-ақ көші түзік.
Қазағың дәмететін «Мәңгі елден»
Қытайың «дәметпейді», осы – қызық.

368

Мешіттей қалып кеткен қиырдағы,
Қазақтың шөре-шөре қиын халі.
Мүридтің кінәсі жоқ, мүлгіп отыр,
Молдасы, тек, оңынан бұйырмады.



369

Түтігіп өңі-түсі қабарған ел,
Өлсең де өрісіңде табандап өл.
Жеріңді бере көрме,
Берсең оны
Өзіңе жалға берер заман келер.

370

Қайтейін тұрған болса туа тілдеп,
Қайтейін ұрған болса уатыл, – деп.
Бар ма екен менен мешел.
Елді қорғар
Солтүстік Корей ғұрлы қуатым жоқ.

371

Жарықты сүйем, сүйем,
Жүректей боп
жотадан көрінсе күн, тірек қой көп.
Қаққаным жалқы сәтке кірпігімді,
Кетеді өтіп болмас түнектей боп.

372

Кекілін керімсалға бөлеп желген,
Кеспірі хас жүйріктің бөлек жерден.
Көктеп тік құрды қазақ мемлекет,
Мектептік білімі бар менеджермен.



373

«Бестіктің» былқылдатып берік түбін,
Кетті ғой орташалар өріп бүгін.
Құруға ортан қолдай мемлекет,
Аз кейде орта түгіл, толық білім.

374

Әртарап өндірісті бөтені ғып,
Бекітті қазба кенмен некені нық.
Мұнайдың бағасымен
Биліктің де
ыстаны тұрар түсіп, көтеріліп.

375

Көзімен шебін шолып мәредегі,
Сөзімен егін салып, дән егеді.
Әдемі сөйлейтіннен
Әлі күнге
көргем жоқ әдемі, – дер дәнеңені.

376

Жүргендер шартықты да шора санап,
Нені айтсаң, құлағымен соны асамақ.
Ақылды сөйлейтіннің көпшілігі
Келгенде ақылды іске – орашолақ.



377

Жерімді жел суырып, тозаңы өрген,
Қорғауда қозы көш жер озам елден.
Жазса егер Қожаберген «Елім-айды»,
Жазуға «Жерім-айды» Қожа келген.

378

Қадайтын бір қиырға отты көзін,
Қарағым, қауқары мол кетті кезім.
Мән сүздік, – дейтініңнің бәрі-бәрі,
Мәнсіздік екеніне жетті көзім.

379

Алабын атажұрттың ақшаға сап,
Алашым, бәрі өзіңнен – тапсаң азап.
Нең бар ед ұшқарыңнан ұлық жасап,
Нең бар ед тысқарыңнан патша жасап?!

380

Жағдайын жөндеп алмай қоғам ішкі,
«Мәңгілік ел» болам, – деп неге алысты?
Түртерде шайтан шіркін,
Алады адам
Алланың құзырында болар істі.



381

Айтары – тұрақты жер, тұрақты аспан,
Тұрамыз тұрақты тоқ, тұрақты аштан.
Ел – тулақ, жүн – реформа, сабау – ақша,
Кигізін көрген жоқпын бірақ басқан.

382

Сүйретсе сырқат қоғам сан дәлізде,
Сырқау дос, үмітіңді жаннан үзбе.
Қарайса ханның қаны қарашаға,
Себебін ханнан емес, қаннан ізде.

383

Тұрақты – жүген де аман, тізгін де аман,
Тұрақты – сүзгім де аман, күзгім де аман.
Тұрақты кедейлігім, өгейлігім,
Етеді соны мақтан біздің қоғам.

384

Мәңгіге мирас еткен ата-баба,
Жеріңді берме жәбір, жапаға ана.
Сіз оған қонақсыз ғой.
Айтыңызшы,
Қонағы қонған жерін сата ала ма?



385

Ақауын толтырғалы кемді күннің,
Айлаға десем-дағы мен жүгіндім.
Қулықта құм санайтын сен тұрғанда,
Тас санап озбасымды енді білдім.

386

Мың жасап, дей алмаймын, – ғасырды үйем,
Өмір ғой өте шығар асыл кием.
Әр жылым,
Әрбір айым,
Әрбір күнім,
Әр сағат, әр минөтке басымды ием.

387

Құларда келмесіңе кәрі жардан,
Екенін ұғынасың бәрі жалған.
Өмірің күліп кірген, жылап шығар,
Ақшадай әлдекімнен қарыз алған.

388

Сөнерде соңғы демің, сері күнгі ой
сенделіп кетеріне сенімім дәй.
Зулайды таспа-ғұмыр
Уақытта
секөнттің миллион бір бөлігіндей.



389

Түбіне мәңгіліктің жететіндей
кергудің соңы сор боп кететіндей.
Қас қағым екен өмір.
Бір-ақ минөт
тоқтайтын жүйрік пойыз бекетіндей.

390

Шырағым, шайыр ішер шарап қайда,
Шарабы болмай жатса, араққа айда.
Тірлікте дәуірлейін.
Ауыр бойым
бола алмас өлгеннен соң қалақтай да.

391

Қатыным қалып еді түсте қырын,
Қыз қайда қиғаш қабақ, пісте мұрын.
Қолымнан түк келмейді.
Келетіні –
Дейтіннің «іш, кел, інім» іскерімін.

392

Болса да десім үстем, сесім үстем,
Шыққан жоқ шатағымыз тосын іспен.
Қызып ап қанатпаппын бір танауды,
Қызық-ақ... сонда оны несіне ішкем?



393

Асбөлме айтысына қосылмаған
Сөзімнен шошынды әкем, шошынды анам.
Ақ үйде ата ұлынан теңдік таппай,
Қара үйде қатынымнан өшімді алам.

394

Жалманнан жұтқан елдің бал, шекерін,
Жақсы ғой аман-есен қалса төрім.
Тырсиған қарбыз мына тұрақтылық,
Білмейсің қай бір сәтте тарс етерін.

395

Кетті, – деп, – сенісетін сетінеп ер,
Басқам жоқ бақас достың бетіне мөр.
Өш болып өлгенімше,
Өлгеннен соң
дос көріп мәйітіме мекіренер.

396

Жүрміз ғой шамаңызды біліп көптен,
Жұлқысып нең бар, – дейді, – ұлық, бекпен.
Бойымды көрпеме шақ шектермін-ау,
Ойымды қайтем одан шығып кеткен?



397

Кедейдің тимегені тақымы атқа,
Ақылы аздықтан, – деп нақыл атпа.
Сократ бай болмаған.
Ойлан, балам,
Сократ сонда саған ақымақ па?

398

Жел тиіп жалп еткенде жарық-панар,
Жалғанның жалғандығы анықталар.
Қатты, – деп жүрген әлгі құс төсегің,
Айналып тас төсекке, мамық болар.

399

О, Өлең, болмаған соң қасыңда иең,
Ойынға айналды ғой асыл киең.
«Дарынды» дәлдүрішті көрген сайын,
Дарынсыз дәлдүрішке басымды ием.

400

«Аязым, әліңді біл», байыпты ұғып,
«Құмырсқам, жолыңды біл» лайықты ғып.
Бір тал шөп артық артқан –
Адам түгіл,
жіберер атанды да майып қылып.



401

Тозады балағы шым көк шөмеле,
Созады тарамысын кексе дене.
Бәрі де топыраққа айналады,
Топырақ – айналмайтын ештеңеге.

402

Қамқор боп қалтқысы жоқ қарашыға,
Абылай адал болды алашына.
Ашқан жоқ есепшот та.
Бар болғаны –
Бір қой жеп салмақ салды нағашыға.

403

Жазғаны болса-дағы алашқа әйгі,
Жас ақын бас ақынмен таласпайды.
Абайға жарасады Қасымды орау,
Абзалға Қасымды орау жараспайды.

404

Абайдың бар атағы – Абай ғана,
Ал, Қасым қолпашсыз-ақ қалай дара?
Ұлыға ұқсау үшін
Келеді күн
бас тартар сыйлығынан бар айнала.



405

Алғыспен араласып жұрт өкпесі,
Адамның өтіп жатар үркек кеші.
Белімнің кілтетпесі емес,
Мені
меңдеткен – көңілімнің кілтетпесі.

406

Жүргенмен қылқапқанға ұсап бәрі,
Қылыштың келер емес пышаққа әлі.
Тезегі зеңгібаба –
Тізіп қойып
оғымен зеңбіректің ұсатқаны.

407

Ісіне емес болар, сірә, сай ұл,
Бер онда қалам емес, құлаш айыр.
Риза батпағына анау бақа,
Риза шатпағына мына «шайыр».

408

Ей, досым, әр өлеңім – ақырғы өлең,
Емеспін көпке шыдар батыр-берен.
Бір ұлыс жұртқа жырым жарап жатса,
Бір уыс топыраққа татыр денем.



409

Тигендей талмаусырап жүрегіне оқ,
Шоң шайыр халқым, – дейді шын еңіреп.
Ақынның айтары азда айғайы көп,
Пақырдың байқары азда сүреңі көп.

410

Беу, досым, сен де өзіңше аппақ нұрсың,
Соныңмен шын аппақты таптап тұрсың.
Жауым, – деп көрсет мені жер-жаһанға,
Жер-жаһан «мынау ма», – деп сақ-сақ күлсін.

411

Пенденің әдеті ғой кемеңгер боп,
Өзгені сәл өзінен төмен көрмек.
Һәйямды қылжақ қылмақ қазақтарды
тыйдым мен, һәйямды өйтіп жемендер, – деп.

412

Десек те, – қабағанға жоқ өтінім,
Ырылдап көрдік айбат шегетінін.
Түр-өңі қасындағы күшігінің –
Клоны ертіп жүрген төбетінің.



413

Көкте, – деп жерден табар шешіміңді,
Көкүдің етіп жүрсің несін үлгі?
Алладан емес адам,
Алдыменен
Адамнан сұрау керек кешірімді.

414

Сөз болып жан адамға естілмеймін,
Қоз болып жерошақта өштім кей күн.
Аулақта, ай астында..
Аңғал-саңғал
қараусыз қалып кеткен ескі үйдеймін.

415

Жайқалтқан жағасында құрағын әр,
Білімнің білген жанға бұлағы – нәр.
Ұлылық – ұлы орман ғой.
Бір бұтағы
жетеді адам болса мұра қылар.

416

Білмесең бере жатар әкең кеңес,
Қалыптан асам, – деуді қатем деп өс.
Даналар әпенді ғой.
Өзім көрген
«дананың» бірі бірақ әпенді емес...



417

Жабылып үсіңізге арнау кілем,
Жан кетсе, жалт бұрылар жалғаулы дем.
«Жақсы», – деп аттандыру жаманды да,
Алланы, адамды да алдау білем.

418

Жолыңнан жаңылдырса пенделік іс,
Сен түгіл, салдарынан меңдер ұлыс.
Өзің көр өз мініңді.
Өзге көрсе,
Өзіңе кешірмейтін сонда – өкініш.

419

Хаттай боп қалған сөздер бабалардан,
Талайды тағылым боп табады алдан.
Ақылды арзан, – дейді.
Ақыл емес,
Ойланбай осыны айтқан адам арзан.

420

Көргенде ерсілікті елдегі ана,
Жөнелем шыдай алмай тергеп ала.
Шошқа – пәк, есек – ғалым, қашыр – күлік,
Ендеше, бола аласың сен де дана.



421

Фәнидің жалғандығын жүдә қатты,
Мойындап мың қайырдық мінәжатты.
Білеміз ана жақты,
Біле ме олар
«Босқын» боп барар бір күн мына жақты.

422

Жүрген жан бұл өмірде басты – мен, – деп,
Бір күні қара жерің астына енбек.
Мамықтан келген оған
Қиянат қой
ұқтыру құмды қамқа, тас кілем, – деп.

423

Қаңқанды тоқыраудың қажап тасы,
Қажытса жылдай болар аз аптасы.
Елбасы бола берсін.
Елде кім жоқ,
Шүкірлік, болмағанға қазақбасы.

424

Құйдырып кеуек бойын таза мыстан,
Дегенге – аң патшасы, мәз арыстан.
Біздерде «Қазақстан барысы» бар,
Жоқ бірақ барыс-қимыл Қазақстан.



425

Мырзаңыз көңілінде желігі нән,
Марқайды қазмойынды көріп ұран.
Кедейге майлық та өзі, сулық та өзі
Бәйгеден бестің артық, белі жуан.

426

Шалқыған жоқ шаруа, жоқ өндіріс,
Шаба алмай шатқаяқтап бөгелді ырыс.
Шындықтың шабан аты болған елді,
Сұмдықтың қағанаты, – деген дұрыс.

427

Жақынға жуық келіп, жатты жанап,
Жырыма жанды жалдап таптым абат.
Өзіме жұмсақ қарай алмадым мен,
Өзгелер кетпеу үшін қатты қарап.

428

Тастаса талантыңды тұсап, қарғам,
Тәңірдің ол да, мүмкін, ісі атқарған.
Аз жазған сайын біреу айдынданып,
Көп жазған сайын біреу ұсақталған.



429

Болғанда арақ – айғыр, шамаң – дөнен,
Шамаңмен іс қылсаңыз бағаң берен.
Адамды жаман еткен арақ емес,
Арақты жаман еткен адам, – дер ем.

430

Қайсың бар баршылықтан бұзылмаған,
Жат түгіл, жал біткен соң сызылды ағам.
Бүгіннің күпірі көл.
Шүкірі мол
сен қайда ғайып болдың, «қызыл заман»?!

431

Ханның да, қараның да тыйып әнін,
Ажалдың алаламас «сыйы» мәлім.
Алтынды жинап-жинап,
Қандай жаман
білмеген оның кімге бұйырарын.

432

Болғанмен бір көрмеге түсің жайлы,
Күпті еткен күпірлікке ішің майлы.
Арамдық – алмас пышақ.
Қанша жасыр
Қақ жарып етер бір күн ісіңді әйгі.



433

Қадірлі қара қазан тұтқышымен,
Қара өлең қалт жібермес ұққышымен.
Ақында аз жазғаннан Абай мықты,
Сапында көп жазғанның мықтысы – мен.

434

Құғанды дүниені қоңыз, – дейді,
Қоңыз боп домалатар көң іздейді.
Алтын – бір аруана.
Бағың тайса,
Бақырып желінінен емізбейді.

435

Біреулер ақын болды қызметпен,
Аллаға «жақын» болды қызметпен.
Мансап-ай, неткен мықты ең.
Сұмды сардар,
Қисықты сыртын сырлап түзік еткен.

436

Алқынса аярлықтан азып әлем,
Көңілдің жазылады назы немен?
Қазысын бүгінгінің қазы емес,
Қаржыға тұмсық тыққан тазы, – дер ем.



437

Дейсің-ау, – талай жерде жүлдені ұттым,
Ұттың ба, ұтқызды ма, (мұлде бүктім).
Сен қалай мықтымсисың?
Мықтылықта
Бірде шік, менің өзім бірде бүкпін.

438

Бойына дарымаған адал әдет
адамнан қақ жүрекке қадалады оқ.
Қалағын көтергенде қалақтай жан,
Айтарым – қазылықтан садаға кет.

439

Өтпелі кезеңіңде жұт – ұраны, –
дейді ғой алаяқтар құтырады.
Тәубә етем, құтыра алмай
Кісіліктің
келбетін ап жүргенге бүтін әлі.

440

Түспесе мақтар кезде аты есіме,
Обалы – кем жаратқан әкесіне.
Өлеңде мекиен ед,
Мансап мініп
айналды әдебиет әтешіне.



441

Болғанмен шаттығы мол, шайқасы дәу,
Шахқа да жоқ өмірді қайта сұрау.
Патшаны армансыз, – деп, беу, қарағым,
Патша боп көрмеген соң айтасың-ау.

442

Жылылық жайғасқанмен келбетінде,
Жаныңды жалған әлем тербетуде.
Алтынға сатылса ажал,
Патшалардан
басқа ешкім қалмас еді жер бетінде.

443

Азғындар алтын, – десе көне кетер,
Ашпайды ақиқаттай көнеге төр.
Сенгенім періште еді...
Ол да тайды,
Не қалды бұл өмірде өнеге етер?!

444

Алған соң алпысың мен елуді атып,
Жетпісің – жербауырлап желу жатып.
Патша боп көру бақыт.
Әй, бірақ та
патша боп, – дейсің қайбір, – өлу бақыт.



445

Тарихты таудан қалған, тастан қалған.
Тарақтап мен – жанары жасқанған жан.
Халықтан «халық жауы» шықпайды, әсте,
Шығады ол сол халықты басқарғаннан.

446

Заманның ой-қырынан жоқ хабары
адамның танымы тез тоқталады.
Абзалға аты-жөнім жеткенімен,
Жетуге абзалдыққа көп бар әлі.

447

Кәзірін кәзірінше басқашалап,
Аққан су ақырында тас қашамақ.
Демде өліп, қайта күлсе... ол – басқа өмір,
Жөнделіп, қайта жүрсе – басқа сағат.

448

Тынысын ашпадың, – деп, – ішкі өрістің,
Төреммен кеш таласып, түс керістім.
Саттым, – деп шикі майды сардарлану –
Тірлігі емес, әсте, піскен істің.



449

Қағаздан қазба кеннің жүзін оқы,
Өңдеуге жетпеді оны құзыреті.
Болғанмен аты патша.
Атқарғаны –
Кәдімгі қайла-шоттың қызметі.

450

Шикізат секілденіп анық бәйге,
Өндіріс салмағаным халыққа әйгі.
Сиырды жемдемесең,
Кендегі есең –
«шикіні» өңдемесең жарытпайды.

451

Мойынын тұлпарының тізгін қажап,
Мойынын сұңқарының құзғын қажап,
Сасқан жан күлгеніндей,
Сасқанынан
ән сап жүр жылар жерде біздің қазақ.

452

Алдырмас аламанда төзімі ерек,
Ақтаңгер түсе бермес көзіңе көп.
Еместің өзі керек.
Өлгеннен соң,
Еліне боп жүрмесін сөзі керек.



453

Бермеген жүз жыл бойы тіріге есе,
Бөлінді целлофанның күлі кеше.
Ел сақтап тұру қиын өлмесе егер,
Жер сақтап тұру қиын шірімесе.

454

Омардай өмір сүрген ортақ асыл,
Алыста қалып кетті орта ғасыр.
Не өзгерді содан бері –
Сол жоқшылық,
Сол кедей, сол бір байлар, сол тобашыл.

455

Соңғы рет құламасын қиядан күн,
Құласа кетері анық ұядан құн.
Түбіне адамзаттың жететұғын –
Мина емес,
Соны істеген миы адамның.

456

Жер шолып желіп бердім жотаменен,
Қалауым – қазақы үй... бота... дөнен...
Шегінен шықса даму,
Шыдай алмай
шытынап тігісінен кетеді әлем.



457

Ұлыста ұстамдылық боп тағылым,
Ұрына кірмеуші едік топқа бұрын.
Барасың қайда-қайда, техғасырым,
Барасың қайда-қайда тоқта, ғылым.

458

Ей, адам, әуелден-ақ атың ізгі,
Тыңдай сал біздің-дағы датымызды.
Бүгінге бал-у болып көрінгенмен,
Түбінде даму жұтар басыңызды.

459

Жас түгіл, аямайтын шалды, сірә,
Заманның зардабынан, ал, қысыра.
«Өтпелі кезеңде өмір сүргірі», – дейтін,
Қытайдың қалған жанмын қарғысына.

460

Асықтай айтақырға шашып, құрбым,
Һәйямның төрт тармағын машық қылдым.
Көп сөздің қауғасына қол шыдамай,
Аз сөздің ауласына қашып кірдім.



461

Үйіңде оңай келген оңды бұйым,
Дүйімді тонай берген қоңды күйің.
Таза боп жүру қиын,
Кір боп оңай,
Таңдадың сен оңайын, мен қиынын.

462

Көңілге шеберліксіз қонар қай ән, –
деген сөз, мен түгілі, томарға аян.
Біреулер таудан тары шығара алмай,
Тарыдан тау жасады Омар һәйям.

463

Жалғасып жең ұшынан, (жемсіз қиын),
Қоғамның көріп келем теңсіз күйін.
Қалтасыз киім керек бұл қазаққа,
Жалғаспас керек және жеңсіз киім.

464

Жабығып жалған ақын үшін кей күн,
Жамбы жыр жабдығына мүсіндеймін.
Дәретке күшенсе жөн.
Дәлдүріштің
өлеңге күшенуін түсінбеймін.



465

Қалқам-ай, бұл сөзімді алған алсын,
Алмаған шақша басын шарға малсын.
Зарлады, – дей көрмеші.
Бір күндері
зарлайтын адамға да зар боларсың.

466

Өлеңде ұсақпыз ба, іріміз бе,
Білуге бұйырмаған тірімізде.
Сөзді ұғар заман келер.
Суырдайын
саудырап біз жатқанда інімізде.

467

Ақша мен атақ шіркін ұғар басқа,
Түбі бір тастап кетер шұбар қасқа.
Өмірге келдім, көрдім, көндім, өлдім,
Ештеңем болған емес бұдан басқа.

468

Жаспын, – деп жүре бермей жайбарақат,
Жылдарды жырларыңмен байла матап.
Жүргендер жайбарақат
Білмей қалар
келгенін кәріліктей қайдан апат.



469

Айнымай албырт кезде кіл асаудан,
Олар да ақбоз мініп, құла сауған.
Кемпірді кемпір күйі,
Ал, шалдарды
деп пе едің, – шал күйінде туа салған.

470

Күніне келді екен, – деп, – үйіме қой,
Кешпеңіз күпірліктің күйін өгей.
Бәрі де қалатұғын дүние ғой,
Бәрі де қалатұғын дүние ғой.

471

Қамбаны ап, қалдырғаны кілең сабан,
Шіренсін һәйям құсап, шіренсе адам.
Масағын Қадыр терді.
Мен пақырға
тигені дән болып тұр бірен-саран.

472

Қалқам-ай, мініп алып алтын арба,
Не жетсін тіршілікте шалқығанға.
Алтынды сарықпаймын, – деп бірақ та,
Қалпыңды адамшылық сарқып алма.



473

Азы бай, ақындардың көбі кедей,
Жолыққан жоқшылықтай жегіге дөй.
Бай да емен, кедей де емен.
Не жөні бар
Қоғамның ететіндей мені де өгей?!

474

Бап емес, болғаннан соң бағым басшы,
Су емес, сары белден сағым қашты.
Бұқардай Абылайға «табылмаған»,
Абзал да бір күн саған «табылмас-ты».

475

Кісіге айтатыным кеңесті ілер,
Өмірдің бірте-бірте өңі ескіреді.
Ұзынды қысқаменен – үлпіл төсек,
Кедейді баймен – қабір теңестіреді.

476

Халқыма қанағатшыл қалпым ұнап,
Ханнан да кем болмадым алтыны қап.
Шамама шақтап істеу арқасында
Тындырдым шамамнан да артығырақ.



477

Қаражон қанағатты қалыбың ғып,
Қоңдыны қолдай бермей, арығыңды ұқ.
Мәңгілік ештеңе жоқ екен ғой, – деп,
Мәңгіре ішіп-жеу де малғұндық.

478

Мезгілдің әр мезетін қуа жіті,
Мен құсап түн күзете туады үкі.
Сағаттың сырты қолда болғанымен,
Қолда емес ішіндегі уақыты.

479

Бір өзі бір әулетке болған абай,
Мырзасы бұрынғының мол ма, қалай?
Байыса ақылы озған, сол – Атымтай,
Байыса қатыгез жан, сол – Қарабай.

480

Халқымның алған сайын міні белең,
Қарадай қараша үйде күңіренем.
Жалғыз ұлт жаһандағы біз болармыз,
«туатын» өзге жұрттың тіліменен.



481

Сююге жақсы, – деген, – күлшелі ұлды,
Сөздері бұрынғының білсек, үлгі.
Бүгіннің «сүйгені» сол –
Күлшенді алып,
Жіберер сүмірейтіп құл секілді.

482

Қазақ ем маңдайыма дарыған бақ,
Бағың да байқамасаң қарып алмақ.
Мен үшін жеріме көз тіккендердің
Бәрі ойрат, баяғыша бәрі қалмақ.

483

Алыс жұрт ақша берсе ата санап,
Таныс жұрт бата берсе қата санап,
Қызық қой қазағыңның шенеунігі,
Құлқынға жұртын да ол сата салад.

484

Тірелсе ұйқасыңа ел есебі,
Өнердің кесілгені келешегі.
Не екенін шын өлеңнің көп жазғыштар
білмейді.
Білсе, ақынмын, – демес еді.



485

Алқынса астамдыққа жетелеп ой,
Адамды ар-ұятқа етеді өгей.
Малына қарасаңыз өте бай да,
Жанына қарасаңыз өте кедей.

486

Жөндегем біреулердің барып үйін,
Көңілім содан бері әлі құйын.
Ақ киім шаңға түскен өңін бермей,
Қараның болады екен халі қиын.

487

Жапалақ қар секілді бүгін ұшқан,
Жентектеп ой түйемін құбылыстан.
Құбылыс – алғызатын ақынға есе,
Құбылыс – салғызатын ібіліске ән.

488

Күйген жан қапияда тауы құлап,
Қайғыдан кетсе, – дейсің, – сауығып ақ.
Өлсем, – деу шын өлуден жеңілірек,
Кемсеңдеу – шын жылаудан ауырырақ.



489

Өмірді көресің-ау бітпейтіндей,
Мезгілге құдірет жоқ күт, – дейтіндей.
Ойлашы бір уақыт,
Ұры уақыт
екенін ғұмырыңды үптейтін дөй.

490

Піспек боп жаһандану сабалаған,
Қалмады саумал құйған сабада мән.
Адамның «аң» кезінде тұнық өмір,
Түтілді болғаннан соң адам адам.

491

Бөлісіп кетеді, – деп бөктер-белді,
Бастасым қояр емес кектенгенді.
Құптадым қойға бай, – деп жек көрсе егер,
Ұқпадым ойға бай, – деп жек көргенді.

492

Бетінде қара жердің із қашаған
Пендеңіз әрі кетсе жүз жасаған.
Түзеуге келмейді екен дүниені,
Түзуді әуелдегі бұзбаса адам.



493

Жүк артқан әр сәтінің қыпылына,
Жүрек қой тіршіліктің құты мына.
Жиылып бар сағаты дүниенің
Жетпейді соның жалғыз тықылына.

494

Өмірдің таусылғанда сыйы шүлен,
Өлешек бақұлдасар үй-ішімен.
Шыр етер туғанда адам.
Шошынғаннан
ажалдың алмай қоймас иісінен.

495

Қимайтын секөнтін де сараңдай шын,
Күніңнің өткеніне алаңдайсың.
Уақыт – ақша, – дейді.
Бірақ оны
ақшаға қайта сатып ала алмайсың.

496

Өмірім өлшегенге бір-ақ күндей,
Өшуде өлеусіреп құрақ-күнгей.
Аулақта қалып кеттім керексіз боп,
Танкіден текпі көрген трәктірдей.



497

Қартайдым өмір бойы қуып жыр-ән,
Кім айтар, – жас болды, – деп уылжыған.
Бойыңнан от кеткенде,
Қойныңдағы
қатын да секілденер суық жылан.

498

Шешіліп шешілуге тиіс белбеу,
Махаббат – сұлуменен сүйісті өңдеу.
Бұқаның қартайса да мұрны... – дейді,
Мұрын не,
Мұрындыкі иіскеу ғой.

499

Жайраған от құшақта күнім қыршын,
Жастығым – жасаураған бұлыңғыр шың.
Бұрымға жарақтанған жауша тимей,
«Мұрынға» қарап қалған күнің құрсын.

500

Тұрақты сезіміңе – тұрақты тән,
Бұларсыз махаббатта мұрат жұтаң.
Жалғауға асықтарды арқан емес,
Жіп керек жылпылдаған бір-ақ тұтам.



501

Келісі жасап жатса көрінеу ым,
Келсапты келіседі пері деуің.
Түйгіштің қызметі түгел емес,
Кетпесе жүре жөндеп ерінеуін.

502

Жосылған жалғыз теке, мың киіктей,
Салғанбыз біз де сүрең үңги, үптей.
Әйелдің жаны түгіл,
Әрідегі
тәні де түбін бермес тұңғиық қой.

503

Жіберді жалықтырып жай күнгі өмір,
Жылқы боп кетсем ғана қайғым кемір.
Байталды күйекке елең қолай көред,
Сайтаны иектеген айғыр-көңіл.

504

Сезімді ол-пұлыңа сұғынбаған,
Кемінде қырық қызға шығындағам.
Қырық қыз – қырық жара.
Ауызына
тұз сеуіп уақытты тығындаған.



505

Тотайы жамылам, – деп төрде шәлі
талпынса, тұтынатын пердесі, әне.
Жанымен махаббатты жазған жастық,
Тәнімен сол «жазуға» мөр басады.

506

Сүңгитін жиегінде суып алып,
Үңгитін сүйегіңді буы дарып;
Махаббат у қосылған бал ғой, шіркін,
Түкке аспас тастасаңыз уын алып.

507

Тоқпақты қазығына жуық ұру –
Сезім боп табадағы қуырылу.
Жастыкі – еге болып қағу болса,
Қарттыкі – шеге болып суырылу.

508

Жастықта қияқ ормай, қатын «орған»,
Бірі едім желікпенің заты зордан.
Бүгінде айырмам жоқ.
Оғы кетіп,
Оқпаны босап қалған патроннан.



509

Байталдың бейімделер бауырға ене,
Сауырын сауықтан соң жауыр деме.
Арудың сезім жеңіл болған сайын
аңсары ауқымды зат, ауыр дене.

510

Қызықтап қалқасының өң-реңін,
Балқиды қорғасындай темір ерің.
Вольтімен өлшегендей керінеуді,
«Болтымен» өлшейді тар-кеңірегін.

511

Астына түскен кезде бұрым белдің,
Айымның ажарынан нұрын көрдім.
Ол маған тісін ашып, тілін берді,
Мен оған ішін ашып шырын бердім.

512

Таныққа есінесе таныс биең,
Талықсып қалғаны де талыс жүйең.
Атымның қалайтыны – жарыс-сүрең,
Қатынның қалайтыны – қарыс сүйем.



513

О, қайран келіншектер, аймағы нән,
Сан таттық сол «аймақтың» қаймағынан.
Жүр бүгін қорыққансып сол кемпірлер,
Бір кезде қорықпаған байларынан.

514

Қалқам-ай, жолыққан сен жолай көктем,
Уақыт уытымды тонайды еппен.
Жатуды оңай емес, – деп ойлайсың,
Атуды сонда маған оңай, – деп пе ең?!

515

Жеткенше нысанаға жан ұшырар
жебенің бәрісі емес, қарысы – дәл.
Ақ балтыр шірегенде адырнадай,
Адамның жақша иілген қары сынар.

516

Жас ұлан, шаттығынан шайқалған мың,
Ұғасың бұл сөзімді жантайған күн.
Белгісі атын мақтау – албырт шақтың,
Белгісі қатын мақтау – қартайғанның.



517

Мұхиттай мол болса да құярыңыз,
Мөлшерсіз менменсуден ұялыңыз.
Жұлдыз боп жас ауырса – симптом да,
Жұлдыз боп қарт ауырса – диагноз.

518

Шындықтың шаранасы шикі бітіп,
Шымырлар ұтылуда, күйкің ұтып.
Оянсын қайдан қазақ.
Оянғанды
тұрғанда оянбайтын «ұйқы» күтіп.

519

Жарғаным шындық үшін қабақты да,
Жаныма бола алмапты сабақ мына.
Сот жоқ қой ойың үшін.
Болса егер,
Алдымен мен жатар ем абақтыда.

520

Тірліктің келтіре алмай түк ретін,
Өңім өрт, жиған-терген жүгім – отын.
Жөнім бар түңілетін.
Бір күндері
суретке айналам, – деп үңілетін.



521

Жатқанда Торғай менен Семей жылап,
Күйдірді қаймананы демей құлап.
Өзгеге көмек бергіш билігімнің,
Өз халқы көмек күткен кедей бірақ.

522

Болса да тәржімәші аймақ білген,
Көрмедім қара өлеңді жайнап, күлген.
Аудару –ат өткізіп, есек міну,
Аудару – түйе өткізіп, тайлақ мінген.

523

Өңкей бір келісімнің құйылғанын
қалайтын қажыры мол миым мәлім.
Аударса, арық жырдың түгі кетпес,
Кім ұғар семізімнің қиын халін.

524

Атандай түпнұсқаны сіз бөгелмей,
Асығыс не көрінді тіздегендей?
Аудару – біреулердің малын біреу
нәрсе ғой өлең айтып іздегендей.



525

Жырыңды жалыны мол сөзге оранған,
Жат тілмен жайнатам деу – тозған арман.
Түпнұсқа өз балаң ғой.
Аударма – өгей,
Қайтесің өгей жасап өз балаңнан.

526

Жырымды аудармаңдар, аудармаңдар,
Мен емес ойдағымды таудан қармар.
Тарта алса қара өлеңнің керуенін,
Тартады аудармадан сау қалған нар.

527

Ұнаған, кейбір ісі ұнамаған,
Артымда қалып барад мына ғалам.
Жұмақ бар, – дейді маған.
Жұмақ түгіл,
Тозақтың барлығына шүбәланам.

528

Мәжіліс құрған кезде мазарменен,
Тас мені, тасты менің қажар денем.
Уақыт – жүрдек пойыз.
Адам өзі
бекеттен секіретін «Ажал» деген.



529

Діңгек боп келе жатқан тамам дауға,
Дүние – түпсіз құдық, заман – қауға.
Тартып бақ несібеңді.
Тарта алмасаң,
Тартқанды болмайды ғой жамандауға.

530

Ақылы толыспайтын жүзге кірмей,
Айтарға ақынбыз ғой біз де дүрдей.
Қарғыстың ең қаттысы –
«Әділетсіз
қоғамнан әділетті іздегір», – ғой.

531

Айранға айырбастап қаймақ халді,
Жастығым жар басында жайрап қалды.
Бір жанмын жетелеген жалтыр мұзда
Табаны тоқтамайтын тайғақ нарды.

532

Бекерге бере салмас бар тұнығын,
Шектеулі ғұмырыңның шарты мығым.
Ажал, – деп атайды екен.
Аулақ кетіп
алғанды айдалада жан тынымын.



533

Тәрде едім Тәңір берген талабыммен,
Теңескен түрім мынау қара күлмен.
Һәйямдар қандай мықты.
Қалағанын
Қыз, шарап, қызыл гүлден ала білген.

534

Мал салып мансап үшін, тон байлаған,
Қазағың қалыс емес соңғы айладан.
Ақшаға тояды адам таупық берсе,
Атаққа таупықпен де тоймайды адам.

535

Ұсай ма қылмысқа іс, ұсамай ма,
Сөз емес, тапсаң болды ұсақ айла.
Жазбаған Толстой да үш жүз томды
Соттар бар жазатұғын үш-ақ айда.

536

Мақтаудан мақпал киіп, ат үлесіп,
Мерейі мекерлердің жатыр өсіп.
Ал, мені атамайды.
Атар болса,
Біледі кететінін аты өшіп.



537

Болғанмен көмей – қойма, ұртың – ұра,
Жамау боп жарытпайды жыртығыңа.
Біреуге құл болғаннан қиынырақ,
Өзіңнің бодан болу құлқыныңа.

538

Жұтты ғой жақсымызды кәші-қоғам,
Жүргенге тәубә, – дейсің басың аман.
Күшіктер бөрі боп тұр.
Бір кездері
иесі іркіт құйып асыраған.

539

Малымды қинамадым маяны аяп,
Жанымды қинамадым жаяны аяп.
Өмірге келгенім жоқ кебіспенен,
Кет, – десе, кете салам жалаңаяқ.

540

Һәйямды кітапша ғып қойындағы,
Атлант, Батыс, Шығыс мойындады.
Жусатты миллион жол «Манасты» ол
Қуатпен төрт-ақ жолдың бойындағы.



541

Егесі ессіз болса үй шалағай,
Мал болмас мұрынына құйса да май.
Отыз жыл таланса да тірі жүрген,
Сорлым-ай, Қазақстан – бишарам-ай.

542

Қан құсқан, талай-талай қаза құшқан,
Отыз жыл тоналдың сен, Қазақстан.
Тонаған жанға емес,
Ескерткішті
орнату керек саған таза мыстан.

543

Түймесін түйедей ғып жариялап,
Жарнама жасағанға ар ұялад.
Шейіт боп кеткенін-ай кілең шерім,
Қураған хан тағында қария қап.

544

Жайратып одан сайын жанды ауырған,
Жалғандық кем тимей тұр қандауырдан.
Ақиқат айтылады.
Айыққан күн
Көп жасық «көк жәшіктің» арбауынан.



545

Алашшыл болып алса шалақазақ,
Демеңіз айтақырда қалады азап.
Алаш пен Ақша тұрса,
Көбі соның
Қағазға ұмтылар ед алабажақ.

546

Ой да алаш, орман да алаш, алаш-арман,
Жоқ, әсте, тұғырынан аласарған.
Есте жоқ кезде жасап, есте қалған,
Сен неткен сейдін едің, Алаша хан?!

547

Шынымен шамырқанса тегі қысып,
Кетпес ед жер дауында көбігі ұшып.
Алашты көп айтқанның көбі арсыз,
Арланды көп айтқанның көбі күшік.

548

Жүрсе де илеуінде бұйығы көп,
Ісімен үйлеспейді иығы дөп.
Қонжиған орындығы көп бастықтың,
Өзінің төбесінен биігірек.



549

Кезіге беретұғын сөзінде көп,
Сезуге Әділетті төзім керек.
Қайтесің жұртқа өкпелеп,
Қыртқа өкпелеп,
Кейде ол, өзге түгіл, өзінде жоқ.

550

Момын боп көрінбекші озбыр енді,
Торқа боп төгілмекші бөз бір енді.
Алла мен адамдардың айырмасы –
Алла өзін,
Ойнайды адам өзге рөлді.

551

Алыс жол арықтатып бел-бітімін,
Алатын адамдаймын енді тыным.
Тірімде жердікі емес – елдікімін,
Өлімде елдікі емес – жердікімін.

552

Досымнан шындық маған қымбатырақ, –
деген сөз тапты мәңгі шыңда тұрақ.
Шыңы бар бүгіннің де.
Шындықты айтар
шынар жоқ, кіл бір қиқым, кіл жапырақ.



553

Былықты-ау быламықтай мына заман,
Жыртылмай тынбас білем, сірә, жағам.
Халқымды қырып кетсе құла қалмақ,
Салтымды сілікпе етті құла қаған.

554

Сөз, – десе сылдыраған, сылдыраған,
Іс, – десе бұлдыраған, бұлдыраған.
Қулықта қыл бұраған.
Шылбыры аман
өмірден өтіп барад бұл бір адам.

555

Пендеңіз опақ қылып оймақ айды,
Орынға адам кірер қой қамайды.
Елдікін күнә, – дейді.
Өзінікін
күнә, – деп еш уақта ойламайды.

556

Апыр-ай, қалай қиям мың ағынды
мына көл, мына дала, мына күнді.
Дүрсілі дүниенің өлсем-дағы
Жатардай дүбірлетіп құлағымды.



557

Төрт мың жыл өтті кемі төбе-қырым,
Тепсеңге айналғалы көде бұрым.
Атом да сілкіген жоқ,
Сілкігендей
жер-көкті Түркі, Жылқы деген ұғым.

558

Миымды шыныдайын шытынаған,
Қалайша ап қаламын бүтін, аман.
Тарпудан тыраң етсем арманым не,
Қаңқудан өліп барам шұқылаған.

559

Болғанмен семсер ілген білегі нық,
Саперім сермеп берсе, күрегі – мық.
Шыңғысхан бүгін келсе Шымкентке,
Шығар ем шитімен-ақ түре қуып.

560

Тасытса заманыңыз тақ-төрені,
Талайға тауқыметін ап келеді.
Батпаққа бетон, – деген бедел байлап,
Шатпаққа шайыр, – деген ат береді.



561

Жан болдым есігімнен төрге өткендей,
Тән болдым бесігімнен көрге өткендей.
Шалқамнан түстім шабыт шыныққанда,
Жалпамнан түстім бағып ержеткенде ой.

562

Қайтесің болмас іске сөз өктесіп,
Өзінде періштенің өзек тесік.
Путин мен Медведтей
Бәйгені де
пысықтар алар болды кезектесіп.

563

Жүргендер жүлдеңізді іліп ылғи –
Қаныққан қақпақылға ірі қырғи;
Болғанда бірі жүри – бірі ақын,
Болғанда бірі ақын – бірі жүри.

564

Қазақтың ұлт сатудан түсімі көп,
Ар емес, ақша жатыр ішін іреп.
Тілі еді – орыс тілі КСРО-ның,
Сол тілде әлі үруде күшігі боп.



565

Сөз сатып сапырғандар кәдені көп,
Айтады әргөйді де әдемі, – деп.
Тұз себем ет шірісе.
Тұз шірісе
не себем? (Тұзым менің – әдебиет).

566

Тынамын, мен де бір күн бөгелемін,
Сынамын, сыңар қанат көбелегім.
Кеткенім қайғы емес.
Бірақ менше
кім жазар қазағымның көп өлеңін?!

567

Өлеңге қазір емес, қысым – алда,
Осыны ұғынатын кісі бар ма?
Кетеді сөзден қадір, сүлейден сый,
Адамзат бір бәлеге ұшырарда.

568

Сізге айтам, машығына майталмандар,
Сыңарды сыпсың сөзге сайтан қармар.
Классик, – деп жүргенің –
Май сөз емес,
Жәй сөзбен жәй еместі айта алғандар.



569

Білсеңіз, серті жүзге абызың – мен,
Күлсеңіз еркіңізде тағы зілмен.
Дырау – мен, ырғалаңда іреп түсер,
Жырау – мен, жырлағанда жағы үзілген.

570

Молдадай майламаса дұға бұлдар,
Мақтауға мықты ағасын бұғады ұлдар.
Кетпесем өз бағамды өзім беріп,
Өзгенің береріне күмәнім бар.

571

Қалғалы аңтарылып алаш-жүрек,
Барады бұла жырдың балы ащы боп.
Жоқ-барға сарапшы жоқ.
Жоқ болған соң,
Көкпарға тартар оны қарақшы көп.

572

Байы бар, мырзасы бар, малайы бар,
Заман бұл барған жерден мал айырар.
Абайдың кезінде де сөз ұқпапты,
Абзалдың кезінде оны қалай ұғар?!



573

Өнердің суын тасып, отын қармар,
Өреннің көзін тұтқан қоқымды аңғар.
Бұлақты бұлдіретін –
Аяғы емес,
басында сол бұлақтың отырғандар.

574

Серкенің сырғаладым сенімдісін, –
деп, әсте, желікпесін көңіл құсың.
Бастық бар бастықта да.
Басынан ол
баз кешпес, боламын, – деп сенің кісің.

575

Мықтының биік жақта тіреуі көп,
Маңдайдан сипауынан іреуі көп.
Халықшыл болғансиды.
Неге онда
жүрмеген сол халықтың біреуі боп?!

576

Сипаса төбесінен оймай бірден,
Сынық ел қорасына қойдай кірген.
Дейміз біз, – жақсы бастық.
«Дарындыны»
Жақсының рөлін дәл ойнай білген.



577

Өмірге бір-ақ келдік, бір-ақ кеттік,
Өмірге жылап келіп, жылап кеттік.
Біреуге ұнап кеттік.
Бірге ұнамай,
Беймәлім дүниеге құлап кеттік.

578

Бес күндік дүниеден байтағы кең,
Бір кетсем, дей алмаймын, – қайта күлем.
Үр қызы жақсы-ақ шығар.
Одан жақсы
орғытқан осы жақтың байталымен.

579

Дейтұғын, – аяқсызды аяқты етем,
Дейтұғын, – таяқсызды таяқты етем,
Арабты королымен көрген кезде,
Қазақты ханмен бірге аяп кетем.

580

Жерініп емшегінен емізбейтін,
Мақтама сиырыңның семіз кейпін.
Қазақта ақша – пішен.
Сол пішенді
Иттер бар шығып алып жетізбейтін.



581

Демеймін тойға тіккен тоныңды айтшы,
Демеймін майға біткен қомыңды айтшы.
Қайда да мүйіздінің мүддесі бар,
Мүйізің бар ма мығым, сонныңды айтшы.

582

Өмірдің біразы сор, біразы бақ
болған соң көңіл шіркін құлазымақ.
Неғұрлым сұлтанлығы көп болғанның
Соғұрлым болады екен нұры азырақ.

583

Болам ба мәңгі солмас шұрайлы бел,
Жауабын адам емес, Құдай білер.
Кәлләнің кесімінен күш алмайды,
Алланың шешімінен былайғы мөр.

584

Биліктің аласы бар, құласы бар,
Аланың асап қояр күнәсі бар.
Баласың шала тұған, Тәуелсіздік,
Сені енді тұмаққа іліп кім асырар?!



585

Қамалап кем дегенде қырық құрық,
Қауқарсыз тірлігімді тұр ұқтырып.
Ботам ғой бостандығым.
Тәңірім-ай,
оның да бердің ернін жырық қылып.

586

Өткізген өткелектің дауын бастан,
Тарихтың тағылымы ауыр дастан.
Билікті АЛДЫ Ленин.
Ал, мыналар
алған жоқ, КЕЛДІ басы ауырмастан.

587

Бостандық, қайтем сені жалғызым-ай,
Қадірің болса, қане, хан қызындай.
Жалқыға жай түскіш қой.
Жаппар ием,
қамқор бол, қарауыңа алғыз ұдай.

588

Біреулер жақсы, – дейді тұрақтылық,
Ішіп-жеп, масаюға құлап-тұрып.
Бергенін бітеу жұтып,
Бостандықты
кетпекші күресінге лақтырып.



589

Тұрғанмен дала балқып, тау елжіреп,
Мешкейлер тауыспақшы мәуемді жеп.
Оянғам тәуелсіз боп...
Қорқам бір кун
оянып жүрем бе, – деп, – тәуелді боп.

590

Екі мың елуіңіз балдай сіңбей,
Айнытса айыбыңды арнайсың дөй.
Алдады, ал, қайтесің.
Алдады, – деп
Өлгенді қайта өлтіре алмайсың ғой.

591

Секілді қиялдағы пұшық қорған,
Кірпіші кеткенін-ай түсіп қолдан.
Жете алмай ай-күніне,
Қайғы, міне,
«Екі мың отызың» да түсік болған.

592

Маржан ғып көрсететін құр қышы, әне,
Қанжар ғып көрсететін қырғышы, әне.
Отыз жыл, қырық жылға қисын жасау –
Қазақты қырт қылудың бір мысалы.



593

«Екі мың елуіңе» тамам қазақ
жетпесе болды әбден табан қажап.
Тып-тыныш тәтті ұйқыда жатар ол кез,
Арылмас әкелген жан адамға азап.

594

Парламент каникулдан қайтпай көптен,
Қойын жеп, коньяк ішіп, «айттайды» еппен.
Қазақтың қалаулысы ол.
Қақсағанда
Бір рет «қазақ» сөзін айтпай кеткен.

595

Жемсауы болатұғын бұрын да өгей,
Жұтуда жұқ қалдырмай жылым-көмей.
Астана – атаң айтса...
Құрбандық боп,
Арқада жан тапсырар «Фрунзе» ғой.

596

Өлгеннің ақындықтың есімін ап,
Жыршы емес бәрі бірдей шешімі нақ.
Шелектің шаруасын күбідей ғып
пісудің несі қырат, несі мұрат?!



597

Не керек кенеуі жоқ езген қыртыл,
Езбе емес, емірене сезгенге ұмтыл.
Болғанда бойың тұтам – көңіл ұзын,
Болғанда ойың жұтаң – сөздер жылтыр.

598

Тұлғаң да тумысынан тіпті дара,
Тұра алмай тірескенде ықты мана.
Мықты, – деп жүргеніңнің көпшілігі
мықты емес.
Мықтылыққа «жүкті» ғана.

599

Таумын, – деп жүретұғын таныс кілең
тары боп... түскенім бар сан үстінен.
Мықтыға ұмтылады ел.
Ал, өз басым
көрмеуге осал тұсын алыс жүрем.

600

Ағайын ала болса – ұлан қайғы,
Арасы ажырамай тұра алмайды.
Андасы алдап соққан ұлы Абайды,
Қандасы қан қақсатқан Құнанбайды.



601

Заманда ілім іркіт, білім ботқа,
Қаратқан тас құрал мен күнімді отқа.
Сонда да адам едім.
Мынау енді –
Айналған тілім жоққа, түрім тотқа.

602

Жиірек қайталанған думанды айың –
Өзіңді жұту үшін туған жайын.
Уақытты қуып келем.
Жүріп кеткен
пойызды жайдақ атпен қуғандайын.

603

Қызығы Омекеңнің қыз, гүл, шарап,
Бұларсыз буыныңды мұз құрсамақ.
Иранның акуласы шоршығанда
Иманы ғасыл болған біз бір шабақ.

604

Өнердің көрем десең сөнбес нұрын,
Сарайға саз самғаған кел кешқұрым.
Болса егер дәстүр жаңа – мен де жаңа,
Болса егер дәстүр ескі – мен де ескімін.



605

Қашанғы досқа өкпелеп, қасқа налып,
Кірпікті отырамыз жасқа малып.
«Мәңгілік елімде» де орыс тілін
жүрмейік рәсімдеп масқара ғып.

606

Алыстан талып жеткен халық әні
Ақеділ қазағымның қаны, жаны.
Әнді де, айтып жүрген әншіні де,
Әттең-ай, білген жоқпыз танып әлі.

607

Халықтың әнін қоссам жарысарда,
Шығамын, кем дегенде, қарыс алға.
Ұлтымның қуарысы, қуанышы,
мұраты, махаббаты – бәрі сонда.

608

Жаз қандай, жайлау қандай, қазы ақ қандай,
Саз қандай, сазгер қандай ғажап таңдай.
Ән қандай, сол әнді алып тастасаңыз
Қазақтың қалары анық қазақ болмай.



609

Дәл ілсең құлағыңа, ауыс ілмей,
Үнсіздік – мүлгіп тұрған бау ішіндей.
Ән де емес, әуен де емес.
Жанды тербер
жалғанда тыныштықтың дауысы ғой.

610

«Әннің де естісі бар, есері бар», –
деп кетті қайыспайтын кешегі нар.
«Есері» есіріп тұр.
«Естісінің»
Жоқ деген сұраныста кеселі бар.

611

Бүтінді бұрғылаған тесіп өзің
Мүлкіңнің қасы да өзің, досы да өзің.
Есіктен «көз» кеткенше,
Мен кепілмін
Есікте боларына екі көзің.

612

Тірліктің ағысына ердім де мен,
Балқыды бұлауында тердің денем.
Өмірді өлшеп айтсаң тұрады екен,
Үш сөзден – келдім... көндім... өлдім... деген.



613

Асықтың үйренсең де алшысын ап,
Жоқ, – деме атып тусер қарсы сынақ.
Түйірі тамып кетсе таптырмайтын,
Екен ғой тағдырың да тамшы сынап.

614

Қулығы анадайдан беріп қылаң,
Көзімді байласа да керіп тұман.
Адамның ақ, қарасын,
Бақ, наласын
Шыныға салған заттай көріп тұрам.

615

Апыр-ай, осымен де өсемін бе,
Боп алдым марапатқа көсе мүлде.
«Қағаз» да бұйырмайды-ау,
Әмір емес,
Тәңірдің ғана тұрсаң есебінде.

616

Кісі еді өмір сүрген бір өзім, – деп,
Жіберді қу кәрілік жүре жүндеп.
Құдайға сөзі өтпей,
Президенттің
сезінді түк емесін Президент.



617

Жаратқан жақсыны кім қорғансыз ғып,
Көбісін оттан алып, ордан сүздік.
Арсыздық былай тұрсын.
Арсыздықты
аңдамау, аңдай тұра, – ол да арсыздық.

618

Қоғамды, – дейді, – адам қиындатты,
Адамды, – дейді, – қоғам қиырға атты.
Бүлдірген бұрысы кім, дұрысы кім,
Арасын айыра алмай миым қатты.

619

Жүк түссе жалбарына Құдайлаған,
Жүйкенің шырматылған жібі айналам.
Қайғыдан жыласа жөн.
Қуаныштан
күлмей ме, бір қызығы, жылайды адам.

620

Өмірде ұштастырған ақылды еппен,
Би де өткен, бір-ақ туар батыр да өткен.
Бәрі де мұнда болған.
Мұңлық болып,
Әріде әуелбастан жатыр, – деп пе ең?!



621

Келгенде кемел сөзге қасаң бұлар,
Бір күні жыр жазысар асар құрар.
Десем мен қашан құлар.
Құлау қайда,
Құтырып бара жатыр жасандылар.

622

Бүгінде болмай қалды ақын таңсық,
Қыз түгіл, қалам ұстар қатын-қаншық.
Сенегі сылдыр сөздің сауық құрып,
Көнегі көне жырдың жатыр қаңсып.

623

Ауызша болмасам да ақпа кілең,
Ақылдың қазанымын қақпағы кең.
Ішінде қырық мың жол жырларымның,
Қай сөзі қай жерде тұр, жатқа білем.

624

Ақыны медаль алып қуған өнер,
Шаттана шеру жасап шулаған ел.
Ши сындыр Мүсіркеп, – деп.
Ал, мен алсам,
Бөрене сындыруға тура келер.



625

Желеу ғып жер тынышты, ел тынышты,
Мезгілсіз манаураудың дерті күшті.
Қара түн,
Қалың ұйқы,
Қараусыз ел...
Қараусыз қалу – неткен қорқынышты.

626

Алмаған бірге өткізе өмір көшін,
Қалқам-ай, жүректе емес, көңілдесің.
Көңілім – ән ғұмырым, бал ғұмырым,
Көңіл – таң,
Көңіл – сәске,
Көңіл – кешім.

627

Көңілім – өзіңді ойлап тыншымаған,
Көңілім – сезім бойлап шымшылаған.
Нәрсені көңілдегі жүректе, – деп,
Адасып ай жарықта жүрсің, адам.

628

Көңілім сен дегенде алып ұшты,
Қанат қып сарыуайым – сағынышты.
Болғанда жүрек айық, көңіл ғайып,
Ғайыптың Құдай сынды бәрі күшті.



629

Мен бір жан аңқам кеуіп алабұртқан,
Аптапта су таба алмай далада ұрттам.
Көңілдің қазанында қайнай-қайнай,
Сүт-сезім сая тапты-ау қара құрттан.

630

Арудан айырылған бал ұсынар
адамның жаны түгіл, тәні сынар.
Жүректің дәрісі бар.
Дәрісі жоқ
көңілдің кім түзейді хал-ісін, ал?!

631

Сонарда салған жандай бапты сүрең,
Қана алмай қызығыңа қатты сілем.
Балымның ащысы сен аңсағанда,
Уымның тамсағанда тәттісі сен.

632

Жамсатып алған жанмын жастығымды,
Жанарға соны ойласам жас тығылды.
Күндер-ай, қайда қалдың,
Құс төсектің
үсті – мен , болатұғын асты құрбы.



633

Серіге жолығатын сайда керім,
Сұлудың ұсынары – қаймақ ерін.
Тапса да қайдан орын,
Түкке тұрмас
Өмірде таппаған қыз байдан «орын».

634

Сенбеңіз астыңдағы атыңызға,
Сенбеңіз қасыңдағы қатын, қызға.
Жем беріп жүгендесе,
Көбі соның
көлік боп шыға келер жатыңызға.

635

Ұясы ұрын істің тектес бөлмең,
Ұйпалақ болып кетті көп кешкеннен.
Жақын жоқ беттескеннен бұл жалғанда,
Зақым жоқ септес пендең кеп тескеннен.

636

Үкісін жүргенімен үлбіретіп,
Кететін әркім киіп бұл бір етік.
Байынан қорқа тұра ойнас жасар,
Тиындай жемге келген дір-дір етіп.



637

Құлшынса көңілдесің құнысқа ана,
Құрыспай кеткенің жөн тыныш қана.
Әркімге әуейіге бұл махаббат –
Жасырын жақындасар жыныс қана.

638

Сұлудың қимағанмен сүлік ернін,
Жетеді болмашыдан бүлінер күн.
Жотасын таптағанмен жүндес келген,
Опасын таппағанның бірі – менмін.

639

Қамсызды қоғамына етіп қаған,
Қайсы бір мұратына жетіпті адам.
Жағдайы жас елімнің не болар, – деп,
Артыма қарай-қарай кетіп барам.

640

Қазыға қымыз бенен иіп басын,
Қалғанын қаламайды иықтасым.
Қара су – жалғандағы бал сусыным,
Қара нан – қамбадағы сүйікті асым.



641

Серкеме келгеніммен сеніп рас,
Көңілдің қатып қалған көні құлаш.
Толғанмен сыртым жарып, ішім арық,
Болғанмен ұртым қарық, көңілім аш.

642

Екі бас секілденіп, екі кеуде,
Ел ісі екіұдай боп сетінеуде.
Шекесі өтіріктің торсықтай боп,
Шындығым шала туған шетінеуде.

643

Кеудесін көп алдында көрікті етер,
Сиқыры сылдырмақтың желікке төр,
Медальдан майып бола жаздаған жан,
Оқыстан орден алса өліп кетер.

644

Құлқынын ерте де осы, кеште де осы
күйттеумен қанағаттың өшті елесі.
Үнемі «мен» дейтұғын мекерлердің
Болмайды «ел» дейтұғын ештеңесі.



645

Етегі тобығына түсіп, тұсап,
Еркелер кимес болды ішікті шақ.
Дәулетін «көрге» көмді оффшор деген,
Дәретін жерге көмген мысық құсап.

646

Қадірлеп қазғаныңмен маған қабір,
Бәрібір қабірден де табам зәбір.
Тозған соң лақтырып тастайтұғын,
Зат та бір, жан тапсырған адам да бір.

647

Қозғалған жаңа заман құрайық, – деп,
Тиді ғой қос арысқа «лайықты» оқ.
Бар қазақ опат болса,
Бір қазақ бар
тұратын, «С кем не бывает?!» – деп.

648

Өршісе үй ішінде жұрттың дауы,
Үрлейді үрит соқ, – деп сырттың дәуі.
Бола ма жатқа өкпелеп,
Ұлтты ұмытқан
өзіңнен шығып жатса ұлттың жауы?!



649

Жатса да мықты жерде жасырары,
Жалғанның жарығымен ашылады.
Қоясы Сталиннің
Кремльден
жіберген домалатып басын әрі.

650

Көз жылтыр, сөз де жылтыр, жылтыр бәрі,
Көрмедік жылтыр емес бір тұлғаны.
Секілді алақоржын
Аузын ашса,
көрінер көк «қағазы» ұртындағы.

651

Тартқызған тіршіліктің жүгін талмай,
Кешегі кең дүнием бүгін тардай.
Тірімде өлтіре алмай...
Бұл қазағым
жүрмесін өле қалсам тірілте алмай.

652

Солғаны-ай марапатсыз келбет-өңі,
Толғаны-ай көзден аққан көлге етегі.
Алланың ордені бар «Өмір» деген,
Өзіме өлгенімше сол жетеді.



653

Өлеңге аузы тола ауыр қаптың
Қарамай салмағына сауырға аттым.
Сәл ғана жеңілдетіп Жүмекенді,
Сәл ғана Қадекенді ауырлаттым.

654

Дейсің ғой жаһандану..
Жаһандану –
секілді көрінгенмен қатар даму;
Ол – ұлтты жұту үшін, тұту үшін,
Тісі боп айдаһардың тақалған у.

655

Тозбайтын көрінгенмен өрісіңдей,
Жалт беру – уақыттың төл ісіңдей.
Жылың да бір-ақ жылға шыдайды екен,
Қоянның қолғап болған терісіңдей.

656

Жоғалтып алғандай-ақ жарық айын,
Сырттағы қазағымның зары дайын.
Болмысы тақырланды.
Шетел-тауық
шоқыған тулақтағы тарыдайын.



657

Өмірден өтіп еді отты болмыс,
«Әбектеп» ілі-шала жетті зор күш.
Адамдар тірісінде барды көрмей,
Неге осы ғайып болған жоқты көргіш?!

658

Отанға оңды бастық бұйырмады,
Отырып үй ішінде үй ұрлады.
Перде ғып индус, қытай, кәрісіңді,
Пенделік асығы, тек, шиырғаны.

659

Бастығың байлық тұнған бекіністі ап,
Басқамен бөліспесе, өкінішті-ақ.
Қайыршы күн кештірді,
Инвесторды
Иманы кетіп қалған бетіне ұстап.

660

Біреуі арыстансып басқа шығар,
Біреуі түлкісініп асқа асығар.
Маскарад болды біздің ширек ғасыр,
Масқара-ақ, беті жоқ та маскасы бар.



661

Дөкейім көрмек түгіл жұртты дәрі,
Дәріні әрі етуге күрт құлады.
Ақырдан бастағанды жем-суы мол,
Тақырдан бастадым, – деп қырт қылады.

662

Өздері – телшігінен тіле салған,
Өздері – меншігінен үлес алған.
Қарыз ап қашық елден.
Кімді көрдің
мойнына «жақын елдің» іле салған?!

663

Аштықта болды қазақ қырда «кәуәп»,
Қастықта «қызыл» шайқап, ырғады-ау «ақ».
Бір мықты соған жауап берген емес,
Біледі бермейтінін бұл да жауап.

664

Тарихта тұрайын, – деп, – төмен неге,
Қулығы – көпті матар көген көне.
Алысты жоспарлатты.
Жоспармен бір
алысқа атым жетсін деген дәме.



665

Иесі байлығымның ұры-қары,
Киесі жайлы күннің жырық әлі.
Адамы аштан қатса,
Астындағы
алтынның, айтыңызшы, құны, кәне?!

666

Байтақтың бар дәулетін бақылап кеп,
Байқатпай жазып алды атына ептеп.
Байлыққа бейқам қарар басқалардай,
Біздікін ойлап па едің ақымақ, – деп?!

667

Өз өшіп, өктемсиді өгей еппен,
Өгейді, біле аладым, не дөй еткен.
Қай елде болып еді,
Біз секілді
бай елде бұқарасын кедей еткен?!

668

Пәлендей жақсылықты етіп ек, – деп,
Тағы да жұрт алдында көкімек кеп.
Қалмапты бетте қытық,
Шынымен-ақ,
Шылп етпес кеткені ме беті көт боп?!



669

Отыз жыл болғаннан соң ырыс елес,
Ой шөгіп, бойлай алмай бүрісер ес.
Үнемі дұрыс болды біздің кісі,
Үнемі дұрыс болу – дұрыс емес.

670

Жер түгіл сапа сұрар айға барсаң,
Сапамен басасың ғой қайда да алшаң.
Өңдіріп керегі жоқ.
Соны өзің
тұтынбай, өзгенікін пайдалансаң.

671

Бола алмай әлемдегі әр елше үздік,
Түйірін түбіндегі әрең сүздік.
Ғажаптай-ский болмай,
Өкініші,
Қазақбай-ский болды тәуелсіздік.

672

«Бәйтерек» болғанымен бас бағана,
Бағана талыс-елге таспа ғана.
Тапқанды Астанаға
Таппайтыны
қызық-ақ баспана мен басқаға ана.



673

Төремде тұтас алтын, деме динар,
Толықтай артар болсаң кеме қирар.
Ант етті араб-король –
Соңғы араб
алғанша алмаймын, – деп, теледидар.

674

Десек те қыздырмамен, – әлем біздік,
Әлемше әдіптелмей сәлемді үздік.
Тәуелсіз-діктің өзі
Бұл қазақта
кім білген сұрайтынын тәуелсіздік.

675

Халықтан жырып алып бай сапарда,
Осынша қаржы құйдық қай шаһарға.
Бұл өзі астана ма,
Жо, болмаса,
ауқатқа алтын жұтар айдаһар ма?!

676

Шиырлап шындық атты көне жымды,
Кім дұрыс, кім бұрыстың өңі езілді.
Сайқал, – деп кінәласаң сен біреуді,
Сайтан, – деп кінәлайды ол өзіңді.



677

Жақсысын, жаманын да бәрін көрдік,
Бақсысын, шаманын да бәрін көрдік.
О, өмір, не бар мұнда тәлім дерлік,
Тұманы туырлықтай қалыңға ендік.

678

Біз кімбіз, бар болғаны ақын ғана,
Мінезі алақұйын лапылдама.
Дегенмен, тақылдама.
Тақылыңды
қайтеді тақта отырған әкім-дана.

679

Қалқам-ай, құнарсыздан құрап құт ән,
Дей алман, – жақын түгіл, жырақты ұтам.
Төрт жолмен не дей алам.
Дер едім-ау
Төрт жолдай тағдырым да бір-ақ тұтам.

680

Ойласаң жөнелетін еңсені ірей,
Тағдырдың маңдайдағы өлшемі – үрей.
Адам да ажал шіркін алып кетер
Уақыттың болмашы бір бөлшегі ғой.



681

Арттым да қара өлеңдей жүкті нарға,
Қарамай тартып бердім ықтыжарға.
Төрт жолым – төртпағым ғой.
Айтыңызшы,
Төртпақтан бұл өмірде мықты бар ма?

682

Желіксе жерге сыймай аспандайды ой,
Бәріне бұйда болар бас-маңдай ғой.
Бір жолдық өлең де бар.
Төрт тармағым
Онымен салыстырсаң дастандай ғой.

683

Десем мен өзін-өзі басқара ма,
Демікті басқара алмай қасқа бала.
Мақтану – масқара ғой.
Мен ұқпаймын
құмарын неге жұрттың масқараға.

684

Еркінде құмайт қырын жапыра ма,
Еркінде суайттығын сапыра ма.
Әртісің жіп есе алмай қалары анық,
Әкімдер ойнап берсе «сахнада».



685

Бүгінде асқақтауда атақ, одаң,
Одаға тілек тұтқын, бата бодан.
Құртатын ескің емес.
Ескіңізді
жаңа, – деп ұсынатын шата қоғам.

686

Кетік ой, кетік қағаз, кетік қалам,
Өмірден кетік жан боп өтіп барам.
Осылай тұйық күйі, суық күйі,
Бір күні суық жерге кетіп қалам.

687

Біреулер сол ұйғырды қазақ, – деді,
Қалып тұр наймандыққа аз-ақ, – деді.
Қазағың қазақ болмай жатқан кезде,
Қандас, – деу қаймананы мазақ, тегі.

688

Асқынып бара жатса асаулығым,
Төбемнен құй қазатын қашау мығым.
«Екі мың елу» – менің ұстамалым,
«Отызым» – ойнамалы бас ауруым.



689

Шығам ,– деу белесіне жеті белдің –
Әшейін жылтыраған беті зердің,
Қайтейін «отызыңды»,
Айлығым да
болмаса айлығындай отыз елдің.

690

Алтыны аз көрініп сейф толған,
Араны толмайтұғын кейітті ордам.
«Қазақгейт», «панамагейт»...
Гейттерден
Бір ел жоқ біз секілді шейіт болған.

691

Білмедім жарық күнге не жетерін, –
деп еді үзілерде өжет ерің.
Қажетсіз өлім ылғи көретінім,
Бар ма өзі бұл өмірде қажет өлім?!

692

Төрім, – деп жүрген жерім көрім екен,
Ерім, – деп білгендерім перім екен.
Уақытым, – деп келгенім уақытшам,
Бақытым, – деп келгенім сорым екен.



693

Елбасы сөз жазбайды іші құтсыз,
Ұққызсаң ежіктемей ісін ұққыз.
Алайда, қазақша оның жазғандарын
Қазаққа түсіндіру – түсініксіз.

694

Жолдауын ұқтырам, – деп «ағылданған»,
Жан-жағым астанадан ағылған нән.
Басқаның көмегінсіз сөзі ұғылмас
Бұл өзі неғылған жан, неғылған хан?!

695

Өзің біл кінәмізді кешпесең де,
Буылған мұрамызды шешпесең де.
Жан көнген,
Жалын сөнген,
Тәнім өлген,
Алдыңда жатырмыз ғой не істесең де.

696

Зиян аз алғыр істен жорта шабар,
Зиян аз дәлдүріштен қорқа шабар.
Өнерді өшіретін – жортпайтын да,
Құдайдан қорықпайтын да орташалар.



697

Кеткеннің дақпырт деген ұғымға еріп,
Түңілдім түк шықпайтын түрін көріп.
Өлеңің ертең өлсе, ол да – бақыт,
Жатыр ғой біреудікі бүгін де өліп.

698

Мен де бір қияс ойдың кезегені,
Кезбесе кезікпейтін көзегені.
Жылтырдан сақ болыңдар.
Адамы да,
малы да бір малшысаң тез өңеді.

699

Өмірдің қай кетігін түгендейін,
Кейбірін ашамын да, бүгем кейін.
Тоздым мен.
Құлагерден түсіп қалып,
Таспасы тарқатылған жүгендейін.

700

Қай жерде қалмады, – деп, – қай қазылық,
Билікті маған берсе байғазы ғып;
Бір айлық кіріспен-ақ
Бір жыл бойы
халқымды жіберер ем майға ағызып.



701

Тіріде алып жатыр, кеше... міне...
Әуежай, ғимарат пен көшені де.
Заң қайда?
Әлде бұлар блатпенен
Кірген бе өлілердің есебіне?!

702

Түлкі ғып қысыр сөзді жүз аулатам,
Күлкі ғып қышыр сөзді түз аунатам.
Қайғы емес қысыр сиыр.
Отыз жылғы
қысыр сөз, сені қалай бұзаулатам?

703

Әуелден аярлықты оялаған,
Арылып кете алмайды оңай одан.
Қалыпты Құдай құйған қозғау қиын,
Басында қалай болса, солай адам.

704

Сыртына сұқтанам деп сүймен құлап,
Сықпытым болды бейне күйген құрақ.
Не пайда жұлдызыңнан жылуы жоқ,
Не пайда үр қызынан үйден жырақ.



705

Күйеуге жарасады ұрын жүріс,
Қалғаны Құдай атқан бұлыңғыр іс.
Ойнас пен жемтіктестен берік зат жоқ,
Жалғаған бірін ақша, бірін жыныс.

706

Жастықтың бояуы бал, далабы май,
Болса да орындалар талабы қай.
Тек, қана мәнін емес, сәнін құған,
Мең-зең боп қалма менше, қарағым-ай.

707

Батырдың байтал болса бас лауы,
Мүмкін бе жал-құйрығын қасымауы.
Махаббат деп жүргенің –
Екі жақтың
бір-бірін зәру затпен асырауы.

708

Ол мені сүйген емес сезімі кеп,
Әшейін алдарқатып көзі күлед.
Сүймеді, – дегеніме ренжімес,
Өйткені, сүймегенін өзі білед.



709

Толымы тоқ балтырың білегімде,
Көңілім кәсілуде гүл-егінге.
Шік түскен асықтайын шымыр денең,
Бүк түскен бағынуда бір өмірге.

710

Жәләптің жортуылға жеке шығар,
Өңі аппақ, өзге жағы өте шұбар.
Үйінде некесі бар.
Некесінің
сыртында секіретін текесі бар.

711

Бұқпалап ана еркекке жақын бардың,
Тік қарап мына еркекті лапылға алдың.
Қасынған шөңгесі көп.
Сен секілді
жасырған көмбесі көп қатындардың.

712

Кінәсі жүк болардай бір атандық,
Сол қызды қай жауапқа сұрата алдық?
Қыздыкі – күнәһарлық.
Кешсем соны
Болмай ма одан да асқан күнәһарлық?!



713

Айыра алмасаңыз без бен майды,
Аярлық айналасын тез қармайды.
Тексерсең күнәһардың тілдік қорын,
Ішінде «күнә» деген сөз болмайды.

714

Сезімі маған деген жарты ұжымақ,
Сенейін қайсысына бал тұні ұнап.
Әйелім сүйем, – дейді.
Ал, бір әйел
Одан да сүйем, – дейді, – артығырақ.

715

Болған соң көрікті адам, берікті адам,
Өзімді қыз қасынан көріп қалам.
Ханыңнан қалай қорқам?
Шындықты айтса,
Шамданар қатыннан да қорықпағам.

716

Болса да суым тұнық, отым қалың,
Баурайтын келер емес нәпірге әлім.
Заманда оқымайтын,
Ол да жақсы-ау
болғаны оннан аса оқырманың.



717

Қайырхан Шыңғысханнан кем емес-ті,
Айыбы – ақсатқаны төбелесті.
Қорғасын ішкізді оған...
Тұр әлі де
сұрақтар неге, не үшін, – деген ескі.

718

Қойдық қой таң қалуды тосын жайға,
Талтүсте тартып алар қосылды айла.
Барыңа қуанбайсың.
Бас сала алмас
жоғыңа қуанасың осындайда.

719

Кесір кез кетті, – дейтін, – үзетін бел,
Қатесін қамсыздықтың түзетіндер.
Бүгін де дайын отыр.
Келсе пәрмен
көзінен «халық жауын» тізетіндер.

720

Кірікпей көшбасымен емі-демі,
Отыз жыл енбей қойды ел реңі.
Болғанмен сөзі «бетон»,
Өзі бөтен
Бөтенге бөгіп тұрған төңірегі.



721

Не жақсы, не жамансың – бірі ғана,
Не жүйрік, не шабансың – бірі ғана.
Жоқ, әсте, үшіншісі.
Бар болса егер,
Ол да бір дүбәраның күні ғана.

722

Кеуденді басып қалған көп laidан
Білемін тазаруға жоғын айлаң.
Адамның шайтаны ғой –
Сұрамайтын
кешуді не адамнан, не Құдайдан.

723

Алданбай алдыңдағы пішінге құр,
Астарын аңдай алсаң, ісің бекір.
Аярдың сырты – біреу, іші – екеу,
Екеуі бір адамның ішінде отыр.

724

Соңына дүниенің түсіп өлген,
Көп көрдім тойымсыздың ісін елден.
Ер шықпас есе берген,
Көсеп елден,
ақшаны кеше көрген кісілерден.



725

Түркіні тіленбей-ақ тұрмыс қамдар,
Шауып ап «жақсы етіпті» бір дұшпандар.
(Болсайшы бір мысқал да ар).
Жақсы болса,
бар әлі «жақсы ететін» Шыңғысхандар.

726

Қонаев жұртын жылтар жаз оты боп,
Жұмысқа жаяу барып мәз етіп ед.
Ізеттің адамына
Итше ілескен
күзеттің көк тиынға қажеті жоқ.

727

Екі езер бір езгенін қаламушта,
Хас ақын бола алмасаң, қалақ ұста.
«Соғыс пен бейбітшілік», «Абай жолы»...
Бұларға қажет емес «жаңа нұсқа».

728

Үлестен қалмайды ғой ұмтылғандар,
Ұмтылу емес менде, құр тұрған хал.
Алмайтын ғұрпымды аңғар.
Ғұрпым кетсе,
Ар деген асары анық сыртымнан дар.



729

Далиған далаңызға шақ болатын,
Ел бар ма белдеуінде баққан атын.
Кендігің – сауық екен көп болсаңыз,
Аз болсаң, қауіп екен сақтанатын.

730

Өс елім, сонда ғана несібең дәй,
Несібе туған жердің төсінен ғой.
Қазағың көгермейді.
Кіндігінен
кекілін күн қақтаған бес ұл өрмей.

731

Байының қатын біткен кешкі ермегі,
«Ермегі» ер еңбегін ескермеді.
Табар ед бес-ақ жылда.
Мына билік
Бес ұлға берсе пәтер бес бөлмелі.

732

Іргеде өзбек пенен қырғыз өсті,
Түркімен, тәжік деген дүр құз өсті.
Өспеген қазақ қана.
Секілденіп
Бай алмай қалып кеткен бір қыз ескі.



733

Кейінге көбеюін ысырмаған,
Көршінің көш ілгері ісін бағам.
Басыма бас қоспаған ширек ғасыр,
Бұл неткен бұты бітеу қысыр қоғам?!

734

Бізғынды ер туғанмен ел-данадан,
Тізгінді, амал қанша, бермеді ағам.
Екінші «желтоқсанмен» кетпекші ме,
Бірінші «желтоқсанмен» келген адам?!

735

Құртты ғой жалпымызды жалқы іс тұсап,
Түртті ғой халқымызды тартысты шақ.
Басымен тұрған Гегель – Қазақстан,
Аяқтан тұрғыз оны Маркс құсап.

736

Ғажапты біреулер бар азап ұққан,
Азапты біреулер бар ғажап ұққан.
Қоқыста жүрген жанның жүрегі айныр,
Оқыста пайда болған тазалықтан.



737

Бұйырса ат шаптырым аумағы бар,
Алдыңа алдиярлап тау да құлар.
Тайынша бақытты ғой Қызылжарда,
Атында, адамда жоқ, ауданы бар.

738

Патшам-ай, үйірілген жүзіңе иба,
Түсуде сан сауалдың ізі миға.
Қалай сіз ризасыз.
Болмай жатып
бұл елдің болмысына біз риза?

739

Кезінде көкаланы көлге айдадық,
Кезінде кемімеуге бел байладық.
Кезінде, кезінде ол.
Кезі өткен соң
кетерің өкінішті нөлге айналып.

740

Болғанмен көңілімнің жайлауы көк,
Барады, – дей алмаймын, – жайнауы үдеп.
Ісімнің байлауы жоқ.
Жоқ болған соң
ішімнің қазандайын қайнауы көп.



741

Ныспысы жеке қалып шепті оятын,
Абай, Шал, һәйям, Пушкин... көп қой ақын.
Әдеті хас мықтының Аты тегін,
Немесе Тегі атын «жеп» қоятын.

742

Болмаған бойлап өскен еменде ісі,
Мен де бір топ шіліктің төменгісі.
Өзі екен шын білгірдің.
«Бір білгенім –
түкті де білмейтінім, – деген кісі.

743

Мақтасаң ұтыс дейтін кеп ойлайды,
Даттасаң бітіспейтін кек ойлайды.
Қызық қой пенде шіркін.
Мықтым, – десең,
Шынымен мықты екенмін, – деп ойлайды.

744

Іс етіп лайықсыз ата ұлына,
Тәйтіктің ерте түсті тақымына.
Басқасы құлға ұқсайды.
Ал, мынауы
ұқсайды құлдан гөрі қатынына.



745

Шабынан шайтан болып түрткен «дүрі»,
Шалаптай шілдедегі іріткен мұны.
Қожайын ұр, – десе ұр, тұр, – десе тұр,
Аспай тұр үйретілген иттен күні.

746

Тұрады өмір құл мен қожайыннан,
Тұрады опыну мен озайыннан.
Бірінен көз айырман.
Кезге дейін
келмеске жіберем, – деп бөз айырған.

747

Әуелі өрт шығарып үйегіңнен,
Не керек сонсоң басын ие құлген.
Мәпеле қанша жерден.
Қалған көңіл
кетеді қара жерге сүйегіңмен.

748

Арасын ет пен тері желік қарып,
Арсыздар көрсеткенмен берік қалып.
Тіріде тапқандардан мықты-ау деймін
Тапқандар тағдыр сыйын өліп барып.



749

Таба алмай айдан арзу, сая күннен,
Төзімді тауысуға таядым мен.
Басыма көнбегенді
Атып тұрып
жазамын адымы кең аяғыммен.

750

Сыңсыған орман жұрттан озайын, – деп,
Сайтанмен сыйласпадым көзайым боп.
Пендеден қожайын бар біреулерде,
Құдайдан басқа менде қожайын жоқ.

751

Батыста Жезқазған мен Балқашы дөй,
Шығыста өр Алтайдай қалқасы дөй.
Ақтоғай – Сарыарқаның әні болса,
Сарыарқа – бар «арқаның» алқасы ғой.

752

Аңдамай кімі қарға, кімі сұңқар,
Құзғынға болыпты ғой ұлыс іңкәр.
Елім дөң болғанымен еңсем төмен,
Жерім кең болғанымен тынысым тар.



753

Өмірде түкті дұрыс жасағам жоқ,
Өкініш майсадағы масадан көп.
Сол «маса» шақты мені өмір бойы,
Біз емес, сен өзіңе қас адам, – деп.

754

Біреуі болмаған соң көмескінің,
Мақтауды тірлігімде көп естідім.
Мақтау көп.
Соның бәрі ертеңге де
шақтау, – деп шалықтауым емес мұным.

755

Сөздердің тұратұғын ұдайы ұнап,
Шыны мен өтірігін кім айырад?
Бұрынның «халақ жауы» жасанды еді,
Секілді бүгінгісі шынайырақ...

756

Алланың бере салған ақ баласын,
Артымда қалған із, – деп, мақтанасың.
Түнектен жалғыз келіп, дегенменен,
Түнекке жалғыз өзің аттанасың.



757

Елім-ай, тисе-дағы тізе тіктеп,
Төзгенді шамадан тыс, ізет үкпек.
Балаңа қам ойласаң,
Балаңыздың
қоғамын өмір сүрер түзетіп кет.

758

Біреуі «жаңаны» ашты тезге көнген,
Біреуі сананы ашты сөзге мерген.
Ақынның ақындығы – өзінен де,
Ғалымның ғалымдығы – өзгелерден.

759

Сырты жөн, сыланып тұр іші немен,
Періште бола бермес пішіні ерен.
Бақытты болмайды адам.
Басын байлап,
Бағасын білмейтұғын кісіменен.

760

Айла ойлап, амал ойлап неше түндер,
Мансаптың майтопырақ көшетінде ол.
Өскендер қауіпті ғой.
Тілті қауіп –
Өсем, – деп көңілін құрт тесетіндер.



761

Жекелеп жеңдер, – деген, – қарап өлмей,
Тағы да жарлық шықты қаладан дәй.
Картасы тері сыңды Қазақстан –
Жіліктеп сатып жатқан қара мал ғой.

762

Болар, – деп, – мен болмасам досым ие,
Көшірді алтын тақты кеше үйіне.
Масқара сонда болар.
Ауыстым, – деп,
Алдыңнан қайта шықса осы жүйе.

763

Асығын астамдықтың иірген күн,
Достың да қас боларын қиын, – дер кім.
Не болар бидай-қазақ.
Қос көршісі
беттесе тасы болып диірменнің?!

764

Жеріңді жерім, – деме қырда жатқан,
Еліңді елім, – деме «нұрға» батқан.
Әр шаршы шақырымын дәңгелетер,
Шаруа қоя алмасаң бір қазақтан.



765

Беу, жұртым, аяқасты әпендісіп,
Басыңа не күн туды қатең қысып?
Қытайдан зауыт кірсе,
Кірді, – дей бер,
қармайтын сау денеңді қатерлі ісік.

766

Бұрын да үріккен ем,
Үркем бе енді,
Секемін серке қылып жұрт өңгерді.
Орыс, – деп қорқытушы ек баламызды,
Қытай, – деп қорқытамыз үлкенді енді...

767

Бұл өзі неткен билік, неткен қоғам,
Бәрі тең, – деп еді ғой өткенде ағам.
Төрт этаж торт тұрғызды тойына бай,
Тұрғанда таппай кедей төрт бөлке нан.

768

Қазағым, кетпеніңді ал. Аттан. Мықтан.
Терің төк, табаңды жеп қатқан-құтқан.
Жеріңе қызығары –
Жер де тыныш,
Жер өңдер сен де тыныш жатқандықтан.



769

Жер – мая, сиыр сынды бұйығы ел,
Бұйығың ете алмады иығын өр.
Өзің же өз «маянды».
Өйте алмасаң,
Бір күні біреудің кеп «сиыры» жер.

770

Төмен қап тәубесіне тым берілген,
Тәйтіктер тәуірсініп жүлдені ілген.
Келген жоқ Құдай әлі қазағыңа,
Содан да «құдай» боп жүр кім-көрінген.

771

Өзгеге нанын беріп...
Арман-мұңы
сезілген өзі нансыз қалған күні.
Қазақты қонақжай, – деп жүргеніміз –
Екен ғой ашық ауыз, аңғалдығы.

772

Не мақтап, не біреуге тасып өсек,
Қазақтың пайда аларда бәсі кесек.
Мадағы жұпар сынды.
Артында оның
тұрғаны болмаса, тек, сасық есеп.



773

Пүлішін жұлып кетер бөзіменен,
Күмісін іліп кетер жезіменен,
Сұмдық қой.
Өзге түгіл, қарайды ол
өлеңге тұтынушы көзіменен.

774

Жанарын жапқан сайын көздің шелі,
Жармасқыш келеді адам, сездім соны.
Көрінген өлеңшіге тіркелетін
Бес елі «ақын» деген сөздің соры.

775

Қалқам-ай, қасіретке құлатпай бой,
Сабырға келсең ғана тұрақтайды ой.
Сенен де ауырлар бар.
Олар үшін
сенікі сәнге жылар жұмақтай ғой.

776

Заманның басып қалған қоқыр қиы,
Деректі дарындының оқыр миы.
Мың алғыс Геродотқа.
Ол болмаса,
Қалар ек бар тарихтан соқыр күйі.



Күндерім күйбең тірлік көңірсіген,
Білгенім – бұла жырмен көңіл шүлен.
Меңдегі сөйлем үшін ғана емес,
Елдегі бейнем үшін өмір сүрем.



Абзал БӨКЕН

УЫТ

(Рубайлар)

Басуға 11.05.2018 ж. қол қойылды.
Пішімі 70х90/32. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы
Тапсырыс № 236. Таралымы 500 дана.



Абзал БӨКЕН

1949 жылы
1 ақпанда Қарағанды
облысы Ақтоғай
ауданы, қазіргі
Нарманбет ауылында
дүниеге келген.

1972 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Аудандық «Ленин жолы – Ленинский путь», «Орталық Қазақстан», «Жалын» баспасы, «Егемен Қазақстан», «Парасат», ел аралық «Заман – Қазақстан», халықаралық «Түркістан» секілді баспа, баспа-лым орындарында қызмет етті.

Ақынның «Бастау», «Жүрек толқындары» (ұжымдық жинақ), «Жалғыз желкен», «Разбег» (орыс тіліндегі ұжымдық жинақ), «Ғасыр қанатында», «Сүмбіле», «Салбуырын», «Төр», «Шың», және «Тәж» атты кітаптары жарық көрген. Кеңес кезеңіндегі ең беделді «Жалын» жабық конкурсының, бірталай жыр мүшәйраларының жүлдегері. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы.